# Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

**Білім беру ұйымы:** «Ертөстік» бөбекжайы» КМҚК
**Топ:** «Қайсар» түрлі жас
**Балалардың жасы:** 1 жастағы балалар, 2 жастағы балалар
**Жоспардың құрылу кезеңі: (**01.09.2025 – 05.09.2025 жыл I апта)
**Тәрбиешілер:** Искакова Г.А.,Жумагулова Ж.А.
**“Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы”**
Үйде, топта қарапайым істерді орындауға көмектесу
Үй жануарларына, үй өсімдіктеріне күтім жасау
Өзіне-өзі қызмет көрсету

| Күн тәртібі | Дүйсенбі<br>01.09.2025ж | Сейсенбі<br>02.09.2025 ж | Сәрсенбі<br>03.09.2025ж | Бейсенбі<br>04.09.2025ж | Жұма<br>05.09.2025ж |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу<br>Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.)<br>Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу<br>Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру<br>Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу)<br>Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау)<br>**Қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру**<br>Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу **Күй күмбірі** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру;<br>әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату;<br>балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру.<br>**Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру**<br>Балаңызды жылы күлімсіреп шығарыңыз, бұл оның күні бойы көңіл-күйін көтереді.<br>Балаңыздың киімі ауа райына сай әрі қозғалысына ыңғайлы болсын.<br>Таңғы асты міндетті түрде ішкізіңіз, бұл оның белсенділігін арттырады. Балаға жылы сөз бен мақтау айтып шығарыңыз.<br>Балаға бақшаға апаруда сүйікті ойыншығын беруге болады (бейімделуге көмектеседі). | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары** | | **(1жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**Тәрбиеші бір баланы «сатушы», қалғандарын «сатып алушы» қылып тағайындайды. Балаларға қолдарына бір-екі «ақша» беріледі. Балалар сөреге келіп, ұнаған затын көрсетеді. Сатушы «ақша бер» дейді, бала ойыншық ақшаны береді де затын алады.Барлық бала кезекпен «сатып алу» ойнайды. тәрбиеші балаларға: «Ақша берсең, зат аласың» «Ақша болмаса, ала алмайсың» дегенді қарапайым сөзбен түсіндіред. Топтағы ойыншықтарды атау (қуыршақ, доп, машина). «Бұл не?» сұрағына жауап беруді үйрету.«Менің ойыншығым» қысқа өлеңін тыңдап, қуыршаққа жанашырлық | **(1жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.** Тәрбиеші бірнеше ойыншықты ортаға қояды. Бір ойыншықты көтеріп: «Бұл кімнің ойыншығы?» – деп сұрайды. Баланың иесі қол көтеріп немесе шығып алады. Тәрбиеші: «Дұрыс, бұл (Аружанның) ойыншығы. Оған рұқсатсыз алуға болмайды» – деп түсіндіреді. Балалар кезекпен ойыншықтарды атайды, иесін табады. «Біздің тәрбиеші»**Тіл дамыту және көркем әдебиет** – Киім сөздері: көйлек, аяқкиім, бас киім. «Киінді – шешінді» қарама-қарсы әрекеттерін үйрету «Тәрбиеші апай» туралы шағын тақпақ тыңдау **Сенсорика** – Киімдердің түстерін ажырату (қызыл | **(1жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.** Сақина салу. Балалар шеңбер жасап отырады. Бір бала «жүргізуші» болады, қолында сақина ұстайды. Жүргізуші сақинаны бір баланың алақанына білдіртпей салады. «Сақина кімде?» деп сұрайды.Балалар ішінен табуға тырысады, сақина шыққан бала келесі жүргізуші болады. **«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»** «Асхана» **Тіл дамыту және көркем әдебиет** – Ыдыс атаулары: қасық, кесе, тарелка. «Құю-жуу» етістіктерін қолдану «Асханада» шағын өлең тыңдау **Сенсорика** – Үлкен тарелка – кішкентай тарелканы салыстыру **Құрастыру** – Конструктордан үстел жасау | **(1жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.** Тәрбиеші балаларды шеңберге отырғызады. Қолына бір ойыншық алып, «Бұл не?» деп сұрайды. Бала дұрыс айтса – «Жарайсың, сен адал айттың!» деп мақтайды. Кейде әдейі шатастырып көрсетеді (мысалы, кітапты көрсетіп «Бұл доп па?» деп сұрайды). Балалар «Жоқ, бұл кітап!» деп түзетуі керек. Тәрбиеші: «Шындықты айтсақ – біз адал боламыз» деп қорытындылайды **Адалдық әліппесі** «Ойын алаңы». **Тіл дамыту және көркем әдебиет** – Көлік құралдары: машина, автобус, пойыз. «Жүру-тоқтау» қарама-қарсы әрекеттерін айту «Машина» тақпағын тыңдау, қол қимылымен қайталау **Сенсорика** – Қызыл |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | білдіру.**Сенсорика:** Ү лкен және кішкентай ойыншықтарды салыстыру.<br>**Құрастыру:** Текшеден үйшік жасау («Ойыншықтар үйінде тұрады») | көйлек – көк көйлек)<br>**Құрастыру** – Текшеден орындық жасау | | және көк түсті машиналарды ажырату<br>**Құрастыру** – Конструктордан жол салу<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру** – Достарымен бірге ойнауды үйрену «Қол ұстасу, көмектесу»<br>**Сурет салу** – Жол сызығын салу (түзу сызықтар)<br>**Мүсіндеу** – Ермексаздан көлік жасау<br>**Жапсыру** – Фланелеграфқа көлік суреттерін орналастыру |
| **Ертеңгілік жаттығу** | «Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату, бірге орындау,жаттату<br>Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету.<br>Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау. **Мақсаты:** Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат бағдарламасы** | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат бағдарламасы** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру. Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері **Қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | | **1жастағы балалар**<br>**Музыка**<br>"Үйімізде кім бар?" Балалармен танысу. | **1 жастағы балалар**<br>**Дене тәрбиесі**<br>"Қуыршақ дене шынықтырады". | | **1 жастағы балалар**<br>**Дене тәрбиесі**<br>"Дана қуыршақпен бірге жаттығамыз". |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Ұйымдастырылған іс-әрекетке қызығушылықтарын арттыру, музыка тыңдауды, қарапайым қимылдар жасауды, өз денелерін сезінуді үйрету. Әртүрлі сипаттағы музыкалық шығармаларды тыңдауға шақыру: нәзік, баяу, және көңілді. Балаларға қол шапалақтау арқылы қатты және ақырын естілетін музыкаларды ажыратуды үйрету. Дыбыс шығаратын ойыншықтарға қызығушылықтарын арттыру | Балалардың белсенді қозғалуы үшін жағдай жасау, қимыл-қозғалыс дағдыларын жақсартуға бағытталған әрекеттерге ынталандыру; балаларға тепе-теңдікті сақтай отырып, белгі бойынша жүруді үйрету, екі жағынан шектеу қойылған жердің үстімен жүру (екі сызықтың арасында).Қимылды ойын. «Маған қарай жүгіріңдер». | | Қимыл-қозғалыс дағдыларын жетілдіруге бағытталған қимылдар мен әрекеттерге баулу; балалардың тепе-теңдікті сақтауын дамыту үшін сигнал бойынша жүру қабілетін бекіту, шектеулі жерде жүру (екі сызық арасында). Қимылды ойын. "Маған қарай жүгіріңдер". |
| | | **2 жастағы балалар Музыка «Сәлем, музыка!» Музыка тыңдау:** Қуанышты қысқа марш (көңілді жүріп көру). **Ән айту:** «Сәлем, сәлем» (жеңіл, екі-үш сөзден тұратын қайталама). **Қимыл:** Балалар шеңберде қол бұлғап, қол ұстасып жүреді. **Ұлттық құндылық:** Қазақша «Сәлеметсіз бе!» деп иіліп амандасу, ұлттық | **2 жастағы балалар Дене тәрбиесі «Кішкентай жүгіргіштер»** ЖДЖ: қолды алға, жоғары көтеру, саусақтарын ашып-жұму.<br>– Негізгі қимылдар: жүгіру, еңіс тақтаймен еңбектеу.<br>– Ұлттық ойын: **«Қуыр-қуыр қуырмаш»** (саусақ ойыны).<br>– Мәдени-гигиеналық дағдылар: жуынғанда киімді суламау. | | **2 жастағы балалар Дене тәрбиесі «Доппен ойнаймыз»**<br>– ЖДЖ: қолды бүгіп-жазу, шапалақтау.<br>– Негізгі қимылдар: допты домалату (төменнен, жоғарыдан).<br>– Ұлттық ойын: **«Соқыр теке»** (жеңілдетілген нұсқа, бір бала көзін жұмып, қолымен ұстап табады).<br>– Мәдени-гигиеналық дағдылар: киімін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | оюлы сурет көрсету. | – Спорттық жаттығу: велосипедпен рөлді ұстап көру. | | жинау.<br>– Спорттық жаттығу: велосипедке өздігінен отыруға үйрету. |
| **Серуенге дайындық** | Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту.**<br>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Серуен** | | **(1 жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.** Гүлзардағы барқытшөп гүлдерін бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру) барқытшөп гүліне қызығушылық тудыру, қызыл сары түсін ажыратуға, жақсы көңіл күйге бөленуге ынталандыру.<br>Педагог:<br>- Балалар, гүлзарда өскен гүлдерге көңіл аударайықшы. Бұл барқытшөп.- Барқытшөптің гүл шоқтары әдемі, түсі қызыл сары.<br>- Қолды тигізіп көрейік. Барқыттай | **(1 жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.** Аспанды бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) балаларды аспанның жоғарыда шатырдай болғанын, түсін атап айта білу, аспанның таза немесе бұлтты болғанын байқау қабілеттерін бекіту; зейінін, түйсігін дамыту. Тап-таза көгілдір алаң, Бұл жердің шатыры аспан. Аспан күннің мекені, Жұлдыздар мекені.<br>Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған | **(1 жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**Желді бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) балаларды жапырақтардың желге жайқалғанын көріп, құбылыстың болғанын байқауды үйрету; зеректікке, байқампаздыққа тәрбиелеу.Жел бізбен ойнамақ,Оңға, солға жасырынбақ.Жапырақтар да ойнайды,Күн көзінде жылтырайды.Д. Ахметова- Қанекей, балалар, жапырақтарға | **(1 жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**Ақшыл бұлтты бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)балаларға көгілдір, ақшыл бұлттарды байқауды үйрету; бұлттардың ақ мамықтай әртүрлі бейнелерге ұқсайтыны туралы баяндап, түйсігін, ой-қиялын дамыту.- Балалар, аспанға қараңдаршы.- Бұлар не? Иә, бұлар ақ бұлттар.Ақшыл бұлттар,Құстар ұқсап қанат жаясыңдар.Ақшыл |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жұмсақ, иісі де аңқып тұр. Балаларға өздігінен гүлдерді бақылауға біраз уақыт беру. Бітіп келеді ұзақ жол, гүлдеп жатыр барқытшөп. Гүлдер сансыз, өте мол. Жазға дейміз:<br>- Қош, сау бол!"Аю орманда" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша, мәтіннің сөзіне сай қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқампаздықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.<br>Қорбаңдаған аюдың<br>(Аю сияқты жүреді)<br>Құлпынайы көп екен.<br>(Құлпынайды іздеу қимылын жасайды)<br>Теріп-теріп алайық,<br>(Құлпынайды тереді)<br>Қалтамызға салайық,<br>(Себеттеріне салады)<br>"Гүлдер мен аралар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі, қоршаған әлеммен таныстыру) | жапырақтарды жинауға шақыру.балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.<br>"Саппен жүру жаттығуы". (дене тәрбиесі)<br>балалардың сапта түзу бағытпен жүріп, екі аяқпен секіріп, алға жылжу қабілеттерін жетілдіру, тепе-теңдікті сақтау қабілеттерін дамыту, бұлшық еттерін шымыр ету.<br>Педагог балаларды көркемсөзбен қимылдарға ынталандырады.<br>Алдымызда ұзынша<br>Жайылып тұр жолақша.<br>Топ-топ етіп басайық,<br>Қадам басып барайық.<br>Секіреміз оп-оп!<br>Біз жүреміз топ боп.<br>Д. Ахметова<br>"Допты қағып ал" қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі) балаларды допты екі қолмен ұстауға жаттықтыру; тепе- | қарайықшы, жел қайда жасырынып жүр? Жел жапырақтарды тербетіп, бізбен ойнап жүр.Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру.балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.<br>"Топ-топ басайық" ойыны. (дене тәрбиесі)<br>балаларды еліктеу әрекеттерін орындауға үйрету.<br>Қолдарынан ұстап, шеңбер бойымен жүргізу, басында баяу, біртіндеп тез жүргізу.<br>Топ, топ, топ басайық.<br>Жалаудан күн жасайық.<br>Жаса, жаса алтын күн,<br>Жаса, жаса жарқын күн! | бұлттар,Қайда ұшасыңдар?(Д. Ахметова)"Қоңырауым қайда?" қимылды ойыны. (дене тәрбиесі, сенсорика)балаларды белгілі бағытта сигнал бойынша жүгіруге жаттықтыру. Педагог балаларға ойынның бастамасын көрсетеді.<br>Қоңырауым қайда?<br>Сыңғырлайды сайда.<br>Кім адаспай тауып алады,<br>Қоңырырауды қолға алады.<br>Балалар жасырынған қоңырауды тауып алып, қолға алып сыңғырлатады.<br>Педагог келесі жолы қоңырауды басқа жерге жасырып қояды.<br>Ересектің көмегімен атқарылатын қарапайым еңбек тапсырмалары, бақылау: гүлдерді суару.<br>ересектің еңбегімен таныстыру.<br>Балалардың еркін ойыны. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | балаларды сигнал бойынша жұптарға жиналуға және жан-жаққа тарап жүгіруге дағдыландыру. Құралдар: маскалар: гүлдер мен аралар. Ересектің көмегімен атқарылатын қарапайым еңбек тапсырмалары, бақылау: гүлдерді суару. ересектің еңбегімен таныстыру. | теңдікті сақтауға, ептілікке баулу. Балалардың серуенге шығарылған ойыншықтармен еркін ойнауы. | "Шашылған бұршақтарды (доптарды) жинайық" қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі) балаларды шапшаңдыққа, дәлдікке, қоршаған кеңістікті бағдарлауға баулу, топтастармен тату ойнауға, достыққа тәрбиелеу. Балалардың серуенге шығарылған ойыншықтармен еркін ойнауы. | |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (**дербес қимыл әрекеті).** | | | | |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу»<br>Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат бағдарламасы**<br>Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу.<br>Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау.<br>Тамақты отырып, асықпай жеу. Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау.<br>Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту.<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету.<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту,** | **Біртіндеп ояту:** Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. **Сауықтыру жаттығулары:** Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). **Өзіне-өзі қызмет ету:** Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **сауықтыру шаралары** | киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту). **Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу). | | | | |
| **Кешкі ас** | Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат бағдарламасы** | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | | **(1жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.** **Қоршаған әлеммен таныстыру:** Топтағы достардың есімдерін атап үйрену. **Сурет салу:** Түрлі түсті қарындашпен тік және көлденең сызықтар салу («Ойыншық сөресі»). **Мүсіндеу:** Ермексазда н кішкентай доп жасау. **Жапсыру:** Фланелегра фқа қуыршақ пен допты орналастыру | **(1жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.** **Қоршаған әлеммен таныстыру** – Тәрбиешінің не істейтінін айту «Апай көмектеседі» **Сурет салу** – Дөңгелек сызықтар салу (көйлектегі өрнек) **Мүсіндеу** – Ермексаздан алма жасау **Жапсыру** – Фланелеграфқа көйлек пен аяқкиімнің суреттерін орналастыру | **(1жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.** **Қоршаған әлеммен таныстыру** – Көкөніс атауларын айту (қияр, қызанақ) **Сурет салу** – Дөңгелек сызық салу «Кесе» **Мүсіндеу** – Ермексаздан алмұрт жасау **Жапсыру** – Фланелеграфқа қасық пен тарелка суреттерін орналастыру | **(1жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.** **Қоршаған әлеммен таныстыру** – Достарымен бірге ойнауды үйрену «Қол ұстасу, көмектесу» **Сурет салу** – Жол сызығын салу (түзу сызықтар) **Мүсіндеу** – Ермексаздан көлік жасау **Жапсыру** – Фланелеграфқа көлік суреттерін орналастыру |
| **Балалармен жеке жұмыс** | | **(1жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.** «Сәлемдесу ойыны» | **(1жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.** «Құстың даусы» | **(1жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.** «Шап-шап, топ-топ» | **(1жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.** «Доп сөйлейді» |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Тәрбиеші қуыршақты алып: «Сәлем, сәлем!» дейді. Баладан қуыршаққа қол бұлғауын сұрайды. Қуыршақ: «А-а-а» дейді. Тәрбиеші: «Ал сен де айтшы?» деп баланы дыбысқа еліктетеді. | ойыны. Құстың суретін немесе ойыншық құсты көрсетеді. «Құстың даусы қалай шығады? – Чик-чик!» дейді. Балаға қайталауға мүмкіндік береді, қайталамаса, тәрбиеші бірге айтып, қолын қанатша қағады. Музыка қосылып, бала құсша қимылдап жүреді. | ойыны<br>Тәрбиеші қолын шапалақтап: «Шап-шап!» дейді.<br>Бала да қайталап істейді. Аяқпен жерді тарсылдатып: «Топ-топ!» дейді.<br>Бала да еліктейді.<br>Музыка қосылып, ырғаққа сәйкес қайталайды. | ойыны. Тәрбиеші допты көрсетіп: «Доп айтады – бо-бо-бо» дейді. Допты балаға домалатып береді. Балаға да «бо-бо-бо» деп айтуға ұсыныс жасайды.<br>Әр доп домалағанда дыбысты қайталайды. | |
| **Серуенге дайындық** | Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**).<br>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | | |
| **Серуен** | **Қыркүйек айына арналған серуен картотекасы жинағы қосымша жасақталған** | | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру.Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру.Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру.Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру.Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту).<br>Үйге келген соң, «Сағындым» деп құшақтаңыз, ол өзін маңызды сезінеді.<br>Бүгінгі күнінен бір қызық нәрсені сұрап, бірге әңгімелесіңіз.<br>Кешке қысқа серуен жасаңыз — ұйқысы жақсы болады.<br>Ойыншығын бірге жинап қою — ұқыптылыққа үйретеді. | | | | | |

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Балалардың жасы:** 1 жастағы балалар, 2 жастағы балалар
**Жоспардың құрылу кезеңі: (**08.09.2025 – 12.09.2025 жыл 2 апта)
**“Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы”**
Үйде, топта қарапайым істерді орындауға көмектесу
Үй жануарларына, үй өсімдіктеріне күтім жасау
Өзіне-өзі қызмет көрсету

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 08.09.2025 ж | Сейсенбі 09.09.2025 ж | Сәрсенбі 10.09.2025ж | Бейсенбі 11.09.2025ж | Жұма 12.09.2025ж |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу<br>Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.)<br>Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу<br>Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру<br>Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу)<br>Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау)<br>**Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру**<br>Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу **Күй күмбірі** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | Балаға бақшаға апарарда сүйікті ойыншығын беруге болады (бейімделуге көмектеседі).<br>Баланы асықтырмай, сабырмен киіндіріңіз.<br>Балаңызға күлімсіреп, «сен мықтысың» деп айтыңыз.<br>Балаңызға бақшада жақсы уақыт өткізетініне сенімді екеніңізді айтыңыз.<br>Кішкентай тапсырма беріп, орындағанын мақтаңыз. | | | | |
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары** | **(1 жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>«Гүлді суарамыз»<br>Балаларға «гүл де біз сияқты су ішкісі келеді» деп түсіндіреді. Балалар гүлге су құйып бақылайды.<br>Дос деген кім?» **Тіл дамыту және көркем әдебиет** «Дос» сөзін таныстыру, балалардың есімдерін атап үйрену | **(1 жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>**«Жапырақты ұстайық»**<br>–Құрғақ жапырақ пен жасыл жаңа жапырақты ұстап сезіну.<br>«Досыммен ойнаймын» **Тіл дамыту және көркем әдебиет**<br>«Ойнады – күледі» етістіктерін қолдану | **(1 жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>**«Дыбыс шығады»**<br>– Сылдырмақ, қоңырау, барабан сияқты дыбыстарды тыңдату.<br>**Музыка**<br>«Досыммен бөлісемін». **Тіл** | **(1 жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>**«Жылы ма, салқын ба?»**<br>– Суық су мен жылы суды сездірту.<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>«Жүру – тоқтау» әрекеттерін атау<br>«Достар саябақта» | **(1 жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>**«Үлкен – кішкентай»**<br>– Үлкен доп пен кішкентай допты салыстыру<br>**Сенсорика**<br>«Досыма көмектесемін» **Тіл дамыту және көркем әдебиет** «Көмектесу» сөзін үйрету |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Досым бар» қысқа тақпақ тыңда **Сенсорика** Балалардың суреттерін үлкен-кіші болып салыстыру **Құрастыру** Текшеден «дос үйшігі» құрастыру | «Екі дос» әңгімесін тыңдау **Сенсорика** Бірдей түсті ойыншықтарды жұптау **Құрастыру** – Конструктордан бірге құрастыру «Достардың ойыны» | **дамыту және көркем әдебиет** «Берді – алды» қарама-қарсы әрекеттерін үйрету– «Досымен бөліскен бала» шағын әңгіме **Сенсорика** – Үлкен доп – кіші допты салыстыру **Құрастыру** – Текшеден үстел құрастыру «Бөлісетін үстел» **Қоршаған әлеммен таныстыру** – Бір ойыншықты кезектесіп ойнау | өлеңін тыңдау **Сенсорика** Қызыл жасыл түсті ойыншықтарды ажырату **Құрастыру** Констру ктордан жол жасау **Қоршаған әлеммен таныстыру** – Серуенде бір-бірінің қолынан ұстап жүру Боранбай Ақгүлім Бекзатұлы дидактикалықойын «Гүлөседі» Міндеті: гүлдіөсімдіктібақылау жәнеоныңбөліктеріна тауқабілетіндамытуд ыжалғастыру. | «Досына көмектескен бала» әңгімесі **Сенсорика** Бірдей ойыншықтарды табу «Кімге көмек керек?» **Құрастыру** Текшеден орындық жасау «Досқа орын дайындау» **Қоршаған әлеммен таныстыру** Досының киімін киюіне көмектесу |
| **Ертеңгілік жаттығу** | «Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату, бірге орындау, жаттату<br>Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету.<br>Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау. **Мақсаты:** Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат бағдарламасы** | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат бағдарламасы** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру<br>Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | **1 жастағы балалар**<br>**Дене тәрбиесі**<br>"Құстар".<br>Балалардың белсенді қозғалыстары үшін жағдай жасау, оларды қимыл-қозғалыс дағдыларын жетілдіруге бағытталған жаттығуларға баулу; балалардың тепе-теңдікті сақтауын дамыту үшін белгі бойынша жүруді үйрету, екі жағынан шектеу қойылған жерде жүру (екі сызықтың арасында), қимыл ептілігін үйлестіру; жердегі іздерді өздерінің аяқтарының іздерімен салыстыра отырып, жол бойымен жүруді үйрету, қимылды ойындарға қызығушылықтарын арттыру. Қимылды ойын. «Маған қарай жүгіріңдер». | **1 жастағы балалар**<br>**Музыка**<br>"Қанекей, билейік!"<br>Музыкаға қызығшылықтарын тәрбиелеу, көңілді сипаттағы музыканы түсіну және эмоцияларын білдіре отырып қабылдау; ересек адамға еліктеп, қайталап әндету, көрсетілген қимыл қазғалыстарды қабылдау және қайталау; дауылпаз бен қоңырау музыкалық аспаптар дыбыстарын тану, төмен және биік дыбыстары жақсы көретін ойыншықтар арқылы ажырата білу | **1 жастағы балалар**<br>**Дене тәрбиесі**<br>"Мысық".<br>Балаларға жүруді сигнал бойынша бастауға, белгілі бір сигнал бойынша бағытты өзгерте отырып жүруді және жүгіруді үйрету, еңбектеу қабілетін дамыту, шектеулі жерде жүру қабілетін шоғырландыру, педагог пен балалар арасындағы ізгілікті және сенімді қарым-қатынасты дамыту | | **1 жастағы балалар**<br>**Дене тәрбиесі**<br>"Күшік"<br>Балаларға жүруді сигнал бойынша бастауды, белгілі бір сигналға бойынша бағытты өзгерте отырып жүруді және жүгіруді үйрету, еңбектей білу қабілетін дамыту, шектеулі жерде жүру қабілетін шоғырландыру, педагог пен балалар арасындағы ізгілікті және сенімді қарым-қатынасты дамыту. |
| | **2 жастағы балалар**<br>**Дене тәрбиесі**<br>**«Жолақпен жүрейік»**<br>– ЖДЖ: қолды жанға жазу, саусақ жаттығулары.<br>– Негізгі қимылдар: орындық үстімен жүру, шеңбер бойымен жүру. | **2 жастағы балалар**<br>**Музыка**<br>«Қошақаным»<br>**Музыка тыңдау:** Баяу, нәзік әуен.<br>**Ән айту:** Халық әні «Қошақаным» (жеңіл қайталанатын сөздер). | **2 жастағы балалар**<br>**Дене тәрбиесі**<br>**«Жүгіреміз, секіреміз»**<br>– ЖДЖ: тізені бүгу-жазу, қолды көтеру.<br>– Негізгі қимылдар: жүгіру, екі аяқтап | | **2 жастағы балалар**<br>**Дене тәрбиесі**<br>**«Еңбектеп өтейік»**<br>– ЖДЖ: қолды айқастыру, шапалақтау.<br>– Негізгі қимылдар: еңіс тақтай үстімен |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | **Қимыл:** Қошақан сияқты қолдарын қимылдату, секіріп көру. **Ұлттық құндылық:** Мал шаруашылығы – қазақтың байлығы екенін айту, қойдың суретін көрсету. | секіру. – Ұлттық ойын: **«Хан талапай»** (жеңілдетілген нұсқасы, асық орнына шарик). – Мәдени-гигиеналық дағдылар: үстел басында дұрыс отыру. – Спорттық жаттығу: велосипедпен өздігінен жүруге жаттықтыру. | | еңбектеу, жолақ бойымен жүру. – Ұлттық ойын: **«Қуырмаш»** (саусақ ойыны). – Мәдени-гигиеналық дағдылар: киімін ұқыпты жинау. – Спорттық жаттығу: велосипедке отырғызу, түсу. |
| **Серуенге дайындық** | Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту**<br>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | | |
| **Серуен** | **(1 жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.** Сұхбатхананы бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)Балаларға сұхбатхана құрылысын көрсету, бұл ойынды көлеңкеде тұрып ойнауға болатынын түсіндіру; сұхбатхананы учаскенің белгілі орны екендігі туралы тұрақты ұғымды | **(1 жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.** Гүлді өсімдіктерді бақылау. (қоршаған әлеммен танысу, тіл дамыту және көркем әдебиет, дене тәрбиесі)балаларды гүлдермен таныстыру. Олардың құрылымын, гүлдердің пайдасы туралы мәлімет беру. Өсімдіктерге ұқыпты болуға, оларға | **(1 жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.** Құмды бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Балаларға құмның құрғақ және дымқыл күйін көрсетіп, құрғақ құмның қол арасынан себіліп | **(1 жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.** Желді бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Балаларға жапырақтарға қарап, желдің болғанын байқауды үйрету; байқампаздыққа, зеректікке тәрбиелеу. | **(1 жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**Бұлттарды бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Балаларды көк аспандағы ақ бұлттарды бақылауға машықтандыру; бұлттардың ақ мамықтай болғанына, | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қалыптастыру.<br>Қауіпсіздік. Серуенде қауіпсіз мінез-құлықтың қарапайым ережелерімен таныстыру.<br>Күннің көзі түспейді,<br>Күлкі жүзден кетпейді.<br>Көлеңке орын - сұхбатхана,<br>Бұнда ойнаймыз біз ғана.<br>– Балалар, сұхбатханада күнде жиналамыз, бұл жерде ыстықта салқын, күн суықта жылы болады, жел мен жаңбыр өтпейді. Сұхбатханамыз қандай тамаша жер!<br>"Біз көңілді баламыз" қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі)<br>Балаларды белгілі жаттығуларға еліктей білуге машықтандыру, жаттығулардан жағымды әсер алуға ынталандыру.<br>Біз көңілді балалармыз,<br>Қатар-қатар тұрамыз,<br>Көтереміз иықты,<br>Бақылаймыз жан-жақты.<br>Жүріп-жүріп асықпай,<br>Тез өсеміз, алақай!<br>Балалардың серуенге шығарылған ойыншықтармен еркін ойындары. | сүйіспеншілікпен қарауға тәрбиелеу.<br>Өсімдіктерді бақылау, гүлдердің түсі, пішіні, гүлдерден басқа не бар екенін сұрау. Балаларға гүлдерді қорғауды, оларды таптамай жүруді, жұлмауды үйрету.<br>Қауіпсіздік. Серуенде қауіпсіз мінез-құлықтың қарапайым ережелерімен таныстыру.<br>Көркемсөз.<br>Гүлім, гүлім, өсе бер,<br>Әдемі боп, асыл боп.<br>Күндей жайнап кете бер,<br>Қызыл, сары, жасыл боп.<br>"Жүрейік" қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі, көркемсөз, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Балаларды саппен, бір-біріне соғылмай, белгілі бағытта ырғақпен марш басып жүру дағдысын қалыптастыру, достыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Жүрейік, жүрейік,<br>Қолды көкке сермейік,<br>Күнге сәлем берейік,<br>Шапалақтап, күлейік.<br>Балалардың серуенге шығарылған ойыншықтармен еркін ойындары. | түскенін, дымқыл құмның белгілі денеге айланатынын көрсету, тәжірибе жасату.<br>Қауіпсіздік. Серуенде қауіпсіз мінез-құлықтың қарапайым ережелерімен таныстыру.<br>Дымқыл құм сазбалшықтай.<br>Қолға алмайсың қалай?<br>Қолға алса, домалатса,<br>Болады құм бауырсақтай.<br>"Құм қапшығын кім алысқа лақтырады?" қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі)<br>Балаларға құм салынған қапшықтарды белгіленген орыннан өзінен алға, алысырақ лақтыруды үйрету; көзбен дәлдеу қабілетін, зейінді, қол мен дене бұлшық еттерін дамыту.<br>- Кім мерген болғысы келеді?<br>Сызылып жатқан | Қауіпсіздік. Серуенде қауіпсіз мінез-құлықтың қарапайым ережелерімен таныстыру.<br>Саябаққа күз келсе,<br>Жел дамылсыз соғады.<br>Тыным бермей ешкімге,<br>Жұлқылайды бәрінде.<br>Үзіп жатыр,<br>Жұлып жатыр<br>Барлық сары жапырақты.<br>Д. Ахметова<br>"Кім тыныш?" қимылды ойыны. (дене тәрбиесі)<br>Балаларға бір бағытта тыныш жүру әдебін үйрету, аяқтың табанын толық басып және аяқтың ұшымен жүріп қимылдау дағдыларын қалыптастыру; сигналға сай қозғалуға ынталандыру.<br>– Балалар, ал қазір, аяқтарымызды нық басып, менің соңымнан сайға қарай жүрейік.<br>Сайға қарай адымдаймыз,<br>Түрлі дыбысты | бейнелерге ұқсағанына көңіл аудару.<br>Қауіпсіздік. Серуенде қауіпсіз мінез-құлықтың қарапайым ережелерімен таныстыру.<br>"Аспанда".<br>Бір бұлт шықты бие болып,<br>Бір бұлт шықты түйе болып,<br>Бір бұлт шықты шошқа болып,<br>Бір бұлт шықты қошқар болып.<br>Қ. Мырзалиев.<br>"Бұлттарға ұқсап ұшайық" қимылды ойыны. (дене тәрбиесі)<br>Балаларға бір бағыттан екінші көрсетлігген бағытқа қарай жүгіруді үйрету.<br>– Балалар, мен желмін, сендер бұлттарсыңдар.<br>– Мен: "Қатты жел соқты!" деген кезде, сендер мен көрсеткен жерге, бұлттарға ұқсап, "ұшасыңдар".<br>"Бұлттарға ұқсап ұшайық" қимылды ойыны. (дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларға бір бағыттан екінші көрсетілген бағытқа қарай жүгіруді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | сызықтан аспай, алға, алысырақ лақтырып көрейік. Құм қапшығын алайық, Алысқа лақтырайық. Балалардың серуенге шығарылған ойыншықтармен еркін ойындары. | тыңдаймыз. Көрейік. Бұл қай бұрыш? Тыңдайық. Тыныш ... Тыныш ... - Қанекей, аяғымыздың ұшымен тыныш жүрейік ... – Бұл жақта не бар екен? – Тамаша! Педагог белгілі бір объектіні тапқандарын айтады, балаларды мақтайды. Жаттығу бірнеше рет өткізіледі, жүру бағыттары ауысады | үйрету; ой-қиялын дамыту. – Балалар, мен желмін, сендер бұлттарсыңдар. – Мен сендерге "Қатты жел соқты!" деген кезде, мен көрсеткен жерге бұлттарға ұқсап, "ұшасыңдар". |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (**дербес қимыл әрекеті).** | | | | |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу»<br>Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат бағдарламасы**<br>Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу.<br>Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау.<br>Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау.<br>Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту.<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету.<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары** | **Біртіндеп ояту:** Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. **Сауықтыру жаттығулары:** Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). **Өзіне-өзі қызмет ету:** Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту). **Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу). | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | **( 1 жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру** «Дос көмектеседі» түсінігін қалыптастыру<br>**Сурет салу** Дөңгелек сызықтар салу «Достардың басы»<br>**Мүсіндеу –** Ермексаздан «кіші достар» жасау<br>**Жапсыру –** Фланелеграфқа балалардың суреттерін орналастыру | **( 1 жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру** Бірге ойнау ережесін үйрету<br>**Сурет салу** Қарапайым сызықтар салу «Ойын алаңы»<br>**Мүсіндеу** Ермек саздан шағын ойыншық жасау<br>**Жапсыру** Фланелеграфқа қуыршақтар суретін қою | **( 1 жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>**Сурет салу** Жол сызықтарын салу «Достарға барар жол»<br>**Мүсіндеу** Ермексаздан жеміс жасап досына ұсыну<br>**Жапсыру –** Фланелеграфқа ойыншықтар суретін кезекпен қою | **( 1 жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>**Сурет салу** Толқынды сызықтар салу «Жолдағы із»<br>**Мүсіндеу** Ермексаздан гүл жасап досына сыйлау<br>**Жапсыру** Фланелеграфқа ағаш пен гүл суреттерін қою | **( 1 жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>**Сурет салу** Тік және көлденең сызықтар салу «Достардың үйі»<br>**Мүсіндеу** Ермексаздан шағын нан жасап досына ұсыну<br>**Жапсыру** Фланелеграфқа балалардың бірге ойнаған суреттерін орналастыру |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **(1 жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>«Сау болайық» ойыны<br>Тәрбиеші қолын бұлғап: «Сау бол!» дейді. Баладан да қол бұлғауын сұрайды.<br>Музыка жай қосылып, бала қимылды қайталайды.<br>Сражадинова Хадия, Боранбай | **( 1 жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>**«Сәлемдесу қуыршақпен»**<br>Тәрбиеші қуыршақты көтеріп: «Сәлем!» дейді. Бала қуыршаққа қол бұлғап, «а-а» дыбысына еліктейді. | **( 1 жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>«Шап-шап, топ-топ»<br>Тәрбиеші қолын шапалақтап «шап-шап» дейді.<br>Бала қайталайды.<br>Аяқпен тарсылдатып «топ-топ» жасайды. | **( 1 жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>«Доп сөйлейді»<br>Допты домалатып: «Бо-бо-бо» дейді.<br>Бала да допты алып, дыбысқа еліктейді. | **( 1 жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>«Жаңбыр жауды»<br>Тәрбиеші саусақтарын үстелге тарсылдатып: «Тырс-тырс!» дейді.<br>Бала да қайталайды, қолымен «жаңбыр» ойынын ойнайды.<br>Сражадинова Хадия, Боранбай АқгүлімЖәдігерқызы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | АқгүлімЖәдігерқызы<br>Қимылдыойын «Қоянды ұста»<br>Міндеті: негізгі қозғалыс түрлерінің дағдыларын жетілдіру. | | | | Дидактикалықойын «Тап жәнекөрсет»<br>Міндеті: тәрбиешініңайтуыбойыншасуреттерденойыншықтарды, заттарды, киімдерді, ыдыстарды табу жәнекөрсетуқабілетінжетілдіру. |
| **Серуенге дайындық** | Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**).<br>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Серуен** | Қыркүйек айына арналған серуен картотекасы жинағы қосымша жасақталған | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Кешкі ас** | **«Үнемді тұтыну»** берілген Кезекшілердің жұмысы (асхана аспаптарын, салфеткаларды салу). Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу,сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою,<br>Сырттан келіп үнемі,<br>Сабынмен қол жуамыз,<br>Таза болды мұнтаздай,<br>Тағамға қол созамыз (көркем сөзін қолдану)<br>Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; этикетер ежелері;<br>Балалардың ұқыптылығын бағалау. | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар),** | **( 1 жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру** «Дос көмектеседі» түсінігін | **( 1 жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру** Бірге ойнау ережесін үйрету | **( 1жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>**Сурет салу** Жол сызықтарын салу | **( 1 жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>**Сурет салу**<br>Толқынды сызықтар | **( 1 жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>**Сурет салу** Тік және көлденең сызықтар салу «Достардың үйі» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | қалыптастыру<br>**Сурет салу** Дөңгелек сызықтар салу «Достардың басы»<br>**Мүсіндеу –** Ермексаздан «кіші достар» жасау<br>**Жапсыру –** Фланелеграфқа балалардың суреттерін орналастыру | **Сурет салу**<br>Қарапайым сызықтар салу «Ойын алаңы»<br>**Мүсіндеу** Ермек саздан шағын ойыншық жасау<br>**Жапсыру** Фланелеграфқа қуыршақтар суретін қою<br>Болат Аяулым Ерланқызы<br>Дидактикалық ойын "Бауырсақтарды домалатамыз"<br>Міндеті: пластилинді, сазды алақанның арасына айналдыру қабілетін дамытуды жалғастыру | «Достарға барар жол»<br>**Мүсіндеу**<br>Ермексаздан жеміс жасап досына ұсыну<br>**Жапсыру** –<br>Фланелеграфқа ойыншықтар суретін кезекпен қою | салу «Жолдағы із»<br>**Мүсіндеу**<br>Ермексаздан гүл жасап досына сыйлау<br>**Жапсыру** Фланелеграфқа ағаш пен гүл суреттерін қою | **Мүсіндеу**<br>Ермексаздан шағын нан жасап досына ұсыну<br>**Жапсыру** Фланелеграфқа балалардың бірге ойнаған суреттерін орналастыру |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру.Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру. Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру. Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру. Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту).<br>Үйге келген соң, «Сағындым» деп құшақтаңыз, ол өзін маңызды сезінеді.<br>Бүгінгі күнінен бір қызық нәрсені сұрап, бірге әңгімелесіңіз.<br>Кешке қысқа серуен жасаңыз — ұйқысы жақсы болады.<br>Ойыншығын бірге жинап қою — ұқыптылыққа үйретеді. | | | | |

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Қыркүйек айы 2025 жыл 3 апта**

**Балалардың жасы:** 1 жастағы балалар, 2 жастағы балалар

**Жоспардың құрылу кезеңі:** (15.09.2025 – 19.09.2025 жыл 3 апта)

**“Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы”**

Үйде, топта қарапайым істерді орындауға көмектесу

Үй жануарларына, үй өсімдіктеріне күтім жасау

Өзіне-өзі қызмет көрсету

| Күн тәртібі | Дүйсенбі<br>15.09.2025 ж | Сейсенбі<br>16.09.2025 ж | Сәрсенбі<br>17.09.2025ж | Бейсенбі<br>18.09.2025ж | Жұма<br>19.09.2025ж |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу<br>Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.)<br>Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу<br>Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру<br>Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу)<br>Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау)<br>**Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру**<br>Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу **Күй күмбірі** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру;<br>әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату;<br>балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру.<br>**Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру**<br>Балаңызды жылы күлімсіреп шығарыңыз, бұл оның күні бойы көңіл-күйін көтереді.<br>Балаңыздың киімі ауа райына сай әрі қозғалысына ыңғайлы болсын.<br>Таңғы асты міндетті түрде ішкізіңіз, бұл оның белсенділігін арттырады. Балаға жылы сөз бен мақтау айтып шығарыңыз.<br>Балаға бақшаға апарарда сүйікті ойыншығын беруге болады (бейімделуге көмектеседі). | | | | |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу»<br>Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат бағдарламасы**<br>Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу.<br>Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау.<br>Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау.<br>Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту.<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету.<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)** | | | | |

<table>
<tr><td>Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары</td><td colspan="5">Біртіндеп ояту: Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. Сауықтыру жаттығулары: Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). Өзіне-өзі қызмет ету: Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту). Мәдени-гигиеналық дағдылар: Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу).</td></tr>
<tr><td>Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)</td><td>(1жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі. «Шегіртке сияқты секіреміз» қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі)<br>-Еденде жатқан секіргіштен, лентадан (қатар қойылған 2 арқаннан) аттап секіруді үйрету. Ойын ережесі бойынша ойнау керектігін түсіндіру. Есту, ойлау, сөйлеу, зейінді дамыту.<br>«Ұқсас пішіндерден жұп құра» дидактикалық ойыны. (тіл дамыту және көркем әдебиет, сенсорика)<br>-Балалардың сөздік қорын заттардың түсін, көлемін, пішінін, дәмін білдіретін сын есімдермен байыту.<br>Түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және</td><td>(1жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.<br>«Жапырақ жинайық» дидактикалық ойыны. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>-Балалардың табиғат пен табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру.<br>Балалардың сөздік қорын заттардың түсін, көлемін, пішінін білдіретін сын есімдермен байыту.<br>Балаларға жапырақтарды түстеріне қарап ажыратуға жаттықтыру; қызыл, сары және тоқсары жапырақтарды үшке бөліп, екі себетке салуды үйрету.<br>Құралдар: сары, қызыл жән тоқсары жапырақтар, түсі үш түрлі шелек (немесе көлемі үш түрлі шелек).</td><td>(1жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.<br>«Жіпті тарқат және қайта ора» ойыны. (сенсорика, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>-Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауды, қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшықеттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту.<br>Қажетті құрал-жабдықтар мен материалдар: түрлі түсті шағын жіптер.<br>Барысы. Балаларға жіпті тарқатып, кейін</td><td>(1жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.<br>«Көлікті жүргіземіз» (Д.Ахметова)<br>Жүргіземіз көлікті – «У-у-у!»<br>Тұрамыз қатар-қатарға түзуу.<br>Рөлді қатты ұстаймыз,<br>Газды ептеп басамыз.<br>«Ту-ту-у», кеттік,<br>«Ту-ту-у!..»<br><br>«Біз шалқандай өстік» жаттығуы. (тіл дамыту және көркем әдебиет, дене тәрбиесі)<br>- Қимылдарды үйлесімді орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге үйрету; педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру.<br>Балалар жерге отырады.<br>Біз шалқандай өстік, (Орындарынан тұру)</td><td>(1жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.<br>«Нан илейік» жаттығуы (Д. Ахметова) (тіл дамыту және көркем әдебиет, дене тәрбиесі)<br>-Қимылдарды үйлесімді орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге үйрету; педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру.<br>Жеңімізді кел түрейік (ашық алақандарды бір-біріне үйкеу),<br>Нан илейік, нан илейік (алақандар төмен, қолдарды алға созу, кеудеге жинау).<br>Домалатып, ораймыз (қолдарды кеуде алдында шынтақ бүгіп, өзара айналдыру),<br>Ыстық пешке саламыз (қолдар белде, сап түзеу).<br>Тазалықты сақтаймыз (шапалақтау),<br>Аппақ ұнды қағамыз</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | іріктеуді жетілдіру. Балаларға пішіндерді ажыратуды үйрету; түрлі түсті пішіндердің жұптарын жинауға жаттықтыру; қолдың ұсақ моторикасын, зейінін, ойлау қабілетін дамыту. Құралдар: түрлі түсті геометриялық пішіндер. | «Дана қуыршақты тамақтандыру» сюжетті-рөлдік ойыны. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) -қарапайым сұрақтарға және неғұрым күрделі сұрақтарға жауап беруге, өз ойын айтуға үйрету; белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді орындауға баулу. Балалардың ұғымындағы ыдыс-аяқ туралы білімдерін бекіту, сөйлеуін белсендіру, тамақтану әдебіне тәрбиелеу. Құрал-жабдықтар: Дана қуыршақ, ойын бұрышындағы ыдыс-аяқ жиынтығы. Ойын бұрышында ойнатылады. Тәрбиеші түскі ас кезінде қандай ыдыс-аяқ қолданылатынын көрсетеді және айтады (сорпаға арналған терең табақтар, екіншісіне таяз, қасық, шанышқы, кесе. Ыдыстар үстелге қалай қойылатынын, тамақтану әдебін, ас құралдарын қалай пайдалану керектігін | қайтадан орауды (немесе оны шөлнекке (шпулька) орауды) ұсыну. Ораудың үлгісін көрсету, қадағалау, көмек беру. «Бауырсақ» ертегісін мәнерлеп оқып беру. -Оқып беруді ойыншықтарды, суреттерді, үстел үсті театрының кейіпкерлерін және басқа да көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеу, сонымен қатар көрнекіліксіз көркем шығарманы тыңдау. Құралдар: ертегіні үстел (немесе саусақ) театры арқылы қойылымға қажет кейіпкерлердің кескіндері (саусақ ойыншықтары), тіреушелері, шымылдық (ширма). (жапсыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) | Күнге қолды создық. (Жоғары созылу) Желге қолды бұлғадық, (Қолдарды бұлғау) Қайта жерге отырдық. (Қайта отыру). "Ғажайып дорба" зерттеу ойыны. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) -Заттарды және олармен әрекеттерді атау, оларды суреттерден (қарап, ұстап-сипап) тануды қолдау; ойыншық, заттарды білдіретін зат есімдермен, заттардың түсін, көлемін, пішінін білдіретін сын есімдермен байыту. | (еңкейіп, алақанды тізеге қағу). «Бауырсақ кімнен қашты» дамытушы ойыны. - Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: «Бұл кім (не)?», «Не істеді?» Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату. Балалардың «Бауырсақ» ертегісінің желісі бойынша білімдерін пысықтау; әлеуметтік қатынастарға қызығушылық ояту. Құралдар: «Бауырсақ» ертегісіндегі кейіпкерлердің жеке суреттері. – Балалар, мен «Бауырсақ» ертегісінің кейіпкерлерін көрсетіп отырайын, ал сендер бауырсақтың неден қашқанын айтып отырыңдар. «Бауырсақ» ертегісінің кейіпкерлерін қатарға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | көрсетеді. Балаларға қуыршаққа түскі ас беру ұсыналады. | | | қойып беру, атауы аталған сайын көрсетіп отыру.<br>Балалар жауап бере алмай жатса да, кейіпкерлерді кезекпен көрсетуді жалғастыру, балалар әрқайсын атайды. (тіл дамыту және көркем әдебиет) |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **(1 жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>Ермексаздан шар илеу амалын меңгерту. «Бауырсақ».<br>Сражадинова Хадия Жәдігерқызы<br>Дидактикалықойын «Тап жәнекөрсет»<br>Міндеті: тәрбиешініңайтуыбойын шасуреттерденойыншықтарды, заттарды, киімдерді, ыдыстарды табу жәнекөрсетуқабілетінжетілдіру. | **(1 жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>Д. Ахметова «Кірпі».<br>Кірпі арқасы инеге толған,<br>Жүгіріп жүр айнала,<br>Көк майса шөпті аралап,<br>Пысылдап, іскеп, қазып.<br>Музыкалық ойын «Музыка ырғағымен билеу»<br>Міндеті: музыкамен жүру қабілетін жетілдіру | **(1 жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>Бауырсақ ойыншығымен ойнату.<br>Д. Ахметова «Бауырсақ».<br>Бауыр-бауыр-бауырсақ,<br>Сенің бетің домалақ,<br>Сенің дәмің тәп-тәтті.<br>Абайлашы, сақ болшы! | **(1 жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>Қ. Ыдырысов «Күзім».<br>Күзім-күзім, күзім-ау,<br>Мінезің бұзық-ау.<br>Жаңбырың сіркіреп<br>Келгенің қызық-ау.<br>Жұман Хан Елдосұлы<br>Дидактикалық ойын «Аю не істейді?»<br>Міндеті: 2-3 сөзден тұратын сөйлемдерді айту қабілетін дамытуды жалғастыру. | **(1 жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>«Әй! Бауырсақ, Бауырсақ!» ойыны.<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру.<br>Таныс өлеңдерді оқыған кезде балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру.<br>– Әй, Бауырсақ!<br>Әй, Бауырсақ!<br>Міне, алысқа жолақ.<br>Жалғыз болып, қалдың ба?<br>Тоқтамай жүр, адымда!<br>Бір-екі!<br>Бір-екі!<br>Боласың бізбен епті.<br>Сенгіш болып, қалдың ба? |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Тоқтамай жүр, адымда! |
| **Серуенге дайындық** | Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Серуен** | **Қазан айына арналған серуен картотека жинағы қосымша жасақталған** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | **Түрлі жас (1жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарастыру, сипаттама беру; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау.<br>-Ересектердің сөзін түсінуге, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауға, қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді?) және күрделірек (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) ертегілердің мазмұндары, кейіпкерлер жайында сұрақтарға жауап беруді, өз ойын айтуды үйрету.<br>(коммуникативті дағдылар, қазақ тілі, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Балабақша туралы әндер тыңдау. (музыка)<br>-Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойымен қол ұстасып жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру. Өнер бұрышында балабақшаны, ойыншықтарды мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. (шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)<br>-Жапсыруға қызығушылықты ояту. Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу), жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету. Балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру, сазбалшықты дұрыс қолдануды (дөңгелектеу, есу, жалпайту) жетілдіру. Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. (құрастыру)<br>-Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру. | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру.Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру.Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру.Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру.Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту).<br>Үйге келген соң, «Сағындым» деп құшақтаңыз, ол өзін маңызды сезінеді.<br>Бүгінгі күнінен бір қызық нәрсені сұрап, бірге әңгімелесіңіз. | | | | |

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**<u>Қазан айы 2025 жыл 4 апта</u>**

**Жоспардың құрылу кезеңі:** (20.10.2025 – 24.10.2025 жыл 2 апта)

**Атаңның баласы болма, адамның баласы бол.**

Абай Құнанбайұлы

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 20.10.2025 ж | Сейсенбі 21.10.2025 ж | Сәрсенбі 22.10.2025ж | Бейсенбі 23.10.2025ж | Жұма 24.10.2025ж |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу<br>Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.)<br>Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу<br>Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру<br>Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу)<br>Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау)<br>**Қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру**<br>Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу **Күй күмбірі** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру;<br>әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату;<br>балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру.<br>**Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру**<br>Балаңызды жылы күлімсіреп шығарыңыз, бұл оның күні бойы көңіл-күйін көтереді.<br>Балаңыздың киімі ауа райына сай әрі қозғалысына ыңғайлы болсын.<br>Таңғы асты міндетті түрде ішкізіңіз, бұл оның белсенділігін арттырады. Балаға жылы сөз бен мақтау айтып шығарыңыз.<br>«Бала қасықты қай қолмен ұстайтынын ескеру»<br>«Есте сақтау қабілетін дамыту жаттығулары<br>«Күзгі құбылыстарды атап айтқызу және байқатудың маңызы»<br>«Балалардың ең сүйікті ойыншығы мен затын білейік» | | | | |
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу,** | **(1жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>Еңбек: табиғат | **(1жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>Еңбек: «Топтың ішін | **(1жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>Еңбек: балабақшадағы | **(1жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>Еңбек: | **(1жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>Еңбек: табиғат |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **дербес және басқалары** | бұрышындағы өсімдіктерді бақылау, топырақтың құрғақ болғанына көңіл аудару, фикусті сукұйғышпен суаруды көрсету.<br>«Менің Қазақстаным» Қазақстан Республикасының Гимнін орындау.<br>-балалардың патриоттық тәрбиесін қалыптастырады. (музыка)<br>Әтеш (қораз) ойыншығымен ойнату.<br>-Балаларға көркемсөзді тыңдап, педагогтің соңынан балапанның қимылдарына еліктеуге, эмоционалды жауап беруге ынталандыру.<br>Д. Ахметова «Қораз».<br>Қораз! Қораз!<br>Тыңдашы біраз.<br>Алтын сенің айдарың,<br>Көрініп тұр айбарың.<br>Терезеден бір қара,<br>Бұршақ берем мың дана.<br>(сенсорика, тіл дамыту және көркем әдебиет) | ретке келтір».<br>-Балаларды ересектерге көмектесуге машықтандыру; шкафтарғы ойыншықтар мен құралдардың ретсіздігін байқап, тазалық орнатуға қатыстыру; еңбек дағдыларын, ұқыптылықты қалыптастыру.<br>«Балапандарды құс қорасына жинайық» ойыны.<br>-Үстел үсті театрының кейіпкерлерін және басқа да көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеу. сұрақ қою: «Бұл кім (не)?», «Не істеді?» Құстар әлемі туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру.<br>Баланың өз ойыншығын «балапан» деп атап, (басқа баланың қасында отырғанда немесе онымен бірге) ойыншықты үстел үстіне жүргізіп, «құс қорасына» кіргізуге | арнайы жабдықтарды дұрыс пайдалану, қадірлеу, қайта орнына қою, бір-біріне көмек көрсетуге тәрбиелеу.<br>Балапан ойыншығымен ойнату.<br>-Балаларға көркемсөзді тыңдап, педагогтің соңынан балапанның қимылдарына еліктеуді, эмоционалды жауап беруге ынталандыру; балапанның тауықтың баласы екені туралы ұғымдар қалыптастыру.<br>- Балапаным, балапан,<br>Қайда кеттің ауладан?<br>Суға бірге барайық,<br>Саған бидай шашайық!<br>Бидай шоқып тоқ-тоқ-тоқ,<br>Қанатыңды соқ-соқ-соқ.<br>(сенсорика, тіл дамыту және көркем әдебиет) | ұйымдастырылған іс-әрекеті кезінде оқу құралдарын тарату және орындарына жинау іскерліктеріне ынталандыру.<br>Пішін салғыш ойыншықпен ойын.<br>«Тауық» (сенсорика, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>-Баланың ойлау қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Пішіндер шашылып қалды,<br>Үйшіктеріне қонбады.<br>Қане, барлығын жинайық,<br>Ұяларға сай салайық.<br>– Тауықтың ішіне не жасырылған?<br>– Қандай пішіндерді жинап алған?<br>"Торғай" саусақ жаттығуы. (тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>- балалардың тақпақты мәнерлеп оқуға, мазмұнына сай қимылдарды жасауға машықтандыру; сөйлеу мәнерін, ұсақ қол моторикасын жетілдіру. | бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, аспидистраның жапырақтары жалпақ және үлкен, ұстағанда жұқа және тегіс болуын бақылау.<br>(еңбек дағдылары)<br>Пирамида жинау ойыны. (сенсорика, тіл дамыту және көркем әдебиет, құрастыру)<br>- Қарапайым пирамиданы үлгі бойынша, ересектің көмегімен, өз бетінше құрастыруға, ойнауға мүмкіндік беру.<br>Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру.<br>Балалардың жағымды көңіл күйлерінің пайда болуына мүмкіндік жасау; ойлау, қабылдау қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Кім пирамиданы шашқан,<br>Сақинаны ойнап басқан, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ынталандыру;<br>алғашқы әлеуметтік қатынасу қабілеттерін қалыптастыру.<br>Педагог балаға балапан ойыншығын беріп, құрылыс материалдарынан немесе лего материалдарынан жасалған «құс қорасына» кіргізуді ұсынады. Балалар балапан ойыншығын атап жатады.<br>Балапан ойыннан шаршады,<br>Балапанның қарны ашты.<br>Не айтамыз балапанға?<br>– Анаң күтіп қапты,<br>Бас аяқты!<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, қолдың ұсақ моторикасын дамыту) | | Торғай, торғай, тоқылдақ,<br>Жерден тары шоқып ап,<br>Бөтегесі томпайып,<br>Тойған қозыдай монтайып,<br>"Шіп-шіп" десіп отырар. | Өткір тырнақтарын бүріп,<br>Домалатып, айдап қашқан?<br><br>«Доптарды домалату» қимылды ойыны.<br>-Балаларға отырып және тұрып, түрлі заттардың астынан 0,5-1,5 метр арақашықтыққа доптарды домалатуды үйрету. Балалар ойынды ұйымдасып ойнайды.<br>(дене тәрбиесі) |
| **Ертеңгілік жаттығу** | «Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату,бірге орындау,жаттату<br>Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету.<br>Қазан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау. **Мақсаты:** Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез- | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат бағдарламасы** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық** (бұдан әрі – ҰІӘ) | Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аудару орындарын ұйымдастыру. Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері. **Қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | **Дене тәрбиесі**<br>**Түрлі жас 1жастағы балалар**<br>**«Допты қалай домалатамыз?» ойыны.**<br>Домалату, лақтыру. Допты бір қолмен және екі қолмен ұстау, көлемдері әртүрлі доптар мен шарларды жинау, оларды өз бетінше себетке (жәшікке) салу, шарларды домалату, допты екі қолмен алға лақтыру, допты алға домалату (отырып, тұрып). Балаларды жұп табуға және жұпта қарапайым қимылдар жасауға, белгілі бір бағытта қозғалуға, допты домалатуға машықтандыру, мұқият тыңдауға және қимылдар басталғанша белгіні күтуді үйрету. | **Музыка**<br>**Түрлі жас 1жастағы балалар**<br>**«Құстар қалай шиқылдайды?» ойыны.**<br>Айналасындағы адамдардың сөзін тыңдау, олардың ауызша айтылған талаптарын орындау. Балаларға мазмұны бойынша жақын әндерді тыңдауды, олардың көңіл-күйін эмоционалды қабылдауды, ересектің көрсетуі бойынша сәйкес қимылдармен сүйемелдеуді, қосылып ән айтуды үйрету (айта алуына қарай). «Әлди-әлди» әуеніне баланың эмоционалды, жағымды әсер алуын қалыптастыру. Дауысты біркелкі, әндетіп шығаруды, сөздің екпінді буындарын | **Дене тәрбиесі**<br>**Түрлі жас 1жастағы балалар**<br>**«Секіріп үйренеміз!» ойыны.**<br>Балаларды таспа (лента) мен арқаннан екі аяқпен алға секірудің орындалуымен таныстыру; көлденең нысанаға лақтыруды үйрету, белгіге жауап беру қабілетін жетілдіру | | **Дене тәрбиесі**<br>**Түрлі жас 1жастағы балалар**<br>**«Торғай сияқты секіреміз» ойыны.**<br>Балаларда жағымды эмоционалды көңіл күй қалыптастыру; балаларды таспадан (лента), арқаннан екі аяқпен алға секіруге жаттықтыруды жалғастыру; көлденең нысанаға тура лақтыру, белгіге әрекет жасау қабілеттерін қалыптастыру; ептілікті дамыту; тәуелсіздікке, достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | созып айтуды үйрету. Қимылдардың нақты көрсету шеберлігін дамыту. Өзін еркін ұстауға тәрбиелеу. Құстар туралы түсінік беру. | | | |
| | **Дене тәрбиесі**<br>**2 жастағы балалар**<br>**«Аттап жүгірейік».**<br>Балалардың заттардан аттап жүру дағдыларын жетілдіру; өткен тақырыпты қайталау; жаттығуды жасау кезінде қимыл белсенділігін арттыру; заттарды құлатпай аттап жүру дағдыларын дамыту; заттардан аттағанда қимыл ептілігін жетілдіру; жалпы дамыту жаттығулары арқылы балалардың тыныс алу органдарының жұмысына жақсы әсер ету.<br>«Қаптан бидай шашамын» ойыны.<br>Қолдың білектерін, иық белдеуінің бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған | **Музыка**<br>**2 жастағы балалар**<br>«Күз сыйлаған топ-топ».<br>Балаларға тұлпар туралы әнді тыңдатып, оның сыр-сипаты туралы түсінік беру; кейіпкерлер арқылы музыкалық шығарманың мағынасын түсіну қабілетін қалыптастыру; музыкалық-ырғақтық қимылдарды әуенге сай үйлесімді жасай білуге жаттықтыру. | **Дене тәрбиесі**<br>**2 жастағы балалар**<br>«Торғай секіреді».<br>Балаларға заттардың үстінен екі аяқпен секіруді үйрету; заттардың үстінен екі аяқпен секіру жаттығуын жасау кезінде қимыл белсенділігін қалыптастыру; заттардың үстінен екі аяқпен секіру дағдыларына жаттықтыру.<br>Заттардың үстінен екі аяқпен секіре білу дағдыларын дамыту; заттардан аттау кезіндегі секіру қабілеттерін жетілдіру; заттарды құлатпай, екі аяқпен аттап секіруге дағдыландыру.<br>Балаларды заттардың үстінен екі аяқпен | | **Дене тәрбиесі**<br>**2 жастағы балалар**<br>«Көңілді секірейік!»<br>Педагог балалардың психологиялық көңіл күйлерін көтеру үшін шабыттандыратын сөздерді пайдаланады: «Торғайға ұқсап көңілді секірейік!», «Бәріміз епті баламыз!», «Бәрекелді!», «Жарайсыңдар!» сөздерін пайдалану; түсіндіру, көрсету, баяндау, пысықтау тәсілдерін қолдану.<br>«Көңілді секіреміз» ойыны.<br>Еденде жатқан секіргіштен, лентадан (қатар қойылған 2 таяқшадан) аттап секіруді үйрету.<br>Қимыл ептілігін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жаттығулар. Қолды алға, жоғары, екі жаққа көтеру; қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жаққа жазу. Бидай шашуды және қайта жинауды үйрету. Қимыл ептілігін дамыту | | секіру кезінде бір-біріне кедергі жасамай, епті, ұқыпты болуға тәрбиелеу; достық, жолдастық қарым-қатынасқа тәрбиелеу; құстарды қорғау және аялау сезімін тәрбиелеу. | | дамыту. |
| **Серуенге дайындық** | Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту**<br>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Серуен** | **( 1 жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>«Қауіпсіздік». Ауладағы құстарды бақылау (шығаратын дыбыстары). (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>-Балаларды құстардың шиқылдаған дыбыстарын тыңдауға ынталандыру; құстардың дыбыстарына еліктеуді үйрету.<br>Қауіпсіздік. Құстарды бақылауда қауіпсіздікті сақтауды қадағалау.<br>– Балалар, тыныш | **(1 жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>«Қауіпсіздік». Ұшқан құстарды бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>М-Балалардың назарын жылы жаққа ұшқан құстарға аудару; құстардың үйірге жиналып ұшатынын байқату, «құстар көп» сөздерін айтқызу; жыл құстары туралы ұғымдарды қалыптастыру.<br>Қауіпсіздік. Құстарды бақылауда қауіпсіздікті сақтауды қадағалау. | **(1 жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>Ақшыл бұлтты бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>- Табиғат құбылыстарына қызығушылық таныту. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыру: жел, бұлт.<br>Балаларға көгілдір ақшыл бұлттарды байқауды үйрету; бұлттардың ақ | **(1 жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>«Қауіпсіздік». Ұшқан құстарды бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>М-Балалардың назарын жылы жаққа ұшқан құстарға аудару; құстардың үйірге жиналып ұшатынын байқату, «құстар көп» сөздерін айтқызу; жыл құстары туралы ұғымдарды қалыптастыру.<br>Қауіпсіздік. | **(1жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>Желді бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>- Табиғат құбылыстарына қызығушылық таныту. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыру: жел. Балаларға, жапырақтарға қарап, желдің соғып тұрғанын байқауды үйрету; байқампаз, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тұрайықшы. Естіп тұрсыңдар ма? Ненің дыбыстары естіліп тұр? Біреу «шиық-шиық» деген дыбыстарды шығарады.<br>– Иә, бұл құстар шиқылдайды.<br>– Құстар ұқсап дыбыстайықшы. Жарайсыңдар!<br>Мұзафар Әлімбаев «Күз келді»<br>Сарғайды тоғай,<br>Сап-сары маңай.<br>Соңғы әнін айтып,<br>Құс кетті қайтып.<br>Айнала жым-жырт,<br>Көк аспан сұрғылт.<br>Балалар бас бармақтарын біріктіріп, құстың ұшқанын келтіріп, алақандарын қағады. Сұқ саусақтарымен үстел үстін қағады.<br>Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларға ағаштан түсіп қалған құрғақ бұтақтарды жинауды ұсыну.<br>-Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастарымен бірге бір | – Балалар, аспанға қарайықшы. Бұл нелер?<br>– Иә, бұл құстар.<br>– Құстар үйірге жиналып, жылы жаққа ұшып барады.<br>– Аспанда бір ғана құс па?<br>– Құстар көп. Жарайсыңдар!<br>Ескен Елубай «Құстар, қайтып келіңдер!»<br>Құстар, қайтып келіңдер!<br>Қимас әнге салады,<br>Құстар қайтып барады.<br>«Қош болыңдар!» – дегендей,<br>Қанаттарын қағады.<br>Сау-саламат болыңдар,<br>Жылы жаққа ұшыңдар.<br>– Құстар ұшып кетсе де, біздің жаққа қайтып келеді.<br>Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларға ағаштан түсіп қалған құрғақ бұтақтарды жинауды ұсыну.<br>-Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге бір іспен айналысуды үйрету. | мамықтай түрлі бейнелерге ұқсайтыны туралы баяндап, түйсігін, ой-қиялын дамыту.<br>– Балалар, аспанға қараңдаршы. Бұл нелер?<br>– Иә, бұлар ақ бұлттар.<br>Ақшыл бұлттар,<br>Құстар ұқсап қанат жаясыңдар.<br>Ақшыл бұлттар,<br>Қайда ұшасыңдар?<br>Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларға ағаштардан түсіп қалған жапырақтарды жинауды ұсыну.<br>- Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге бір іспен айналысуға дағдыландыру.<br>«Қоңырауым қайда?» қимылды ойыны. (дене тәрбиесі)<br>- Шағын топқа бөлініп және бүкіл топпен жүгіру; бағытты өзгертіп, шашырап, 30-40 секунд бойына тоқтамай жүгіру, жүруден жүгіруге және | Құстарды бақылауда қауіпсіздікті сақтауды қадағалау.<br>«Кел, құстарым» (Д. Ахметова)<br>Суық күнде қыстағы, (Алақандарды өзара ұқалау)<br>Азықтарың аз болды. (Қолдарды жан-жаққа жаю, иықты көтеріп түсіру)<br>Шиіп-шиіп, кел, құстарым, (Отыру, қолды алға созу, саусақтармен жыбырлату)<br>Жем беремін уыстап. (Тұрып, шапалақтау)<br>Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларға самалжайды өсімдік қоқыстарынан тазалау.<br>-Балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>Ескен Елубай «Құстар».<br>Құстар, қайтып келіңдер!<br>Қимас әнге салады,<br>Құстар қайтып | зерек болуға тәрбиелеу.<br>Саябаққа күз келсе,<br>Жел дамылсыз соғады.<br>Тыным бермей ешкімге,<br>Жұлқылайды бәрін де.<br>Үзіп жатыр,<br>Жұлып жатыр<br>Барлық сары жапырақты.<br>Д. Ахметова<br>Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларға ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинату.<br>- Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге бір іспен айналысуға дағдыландыру.<br>«Қаздар» қимылды ойыны. (дене тәрбиесі)<br>- Серуенде қимылды ойындарға қатысуға және жаттығуларды орындауға қызығушылық пен ықылас танытуға баулу. Қимылдарды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | іспен айналысуға дағдыландыру.<br>«Кім тыныш?» қимылды ойыны. (дене тәрбиесі)<br>-Серуенде қимылды ойындарға қатысуға және жаттығуларды орындауға қызығушылық пен ықылас танытуға баулу.<br>Аяқтың ұшымен жүру, шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгерте отырып жүру.<br>Балаларға бір бағытта аяндап жүруді үйрету, аяқтың табанын толық басып және аяқтың ұшымен жүріп қимылдау дағдыларын қалыптастыру; сигналға сай қозғалуға ынталандыру.<br>– Балалар, қазір аяқтарымызды нық басып, менің соңымнан сайға қарай жүрейік.<br>Сайға қарай адымдаймыз,<br>Түрлі дыбысты тыңдаймыз.<br>Көрейік. Бұл қай бұрыш?<br>Тыңдайық. Тыныш ... Тыныш ...<br>– Қане, балалар, аяқтың ұшымен тыныш | «Қаздар» қимылды ойыны. (дене тәрбиесі)<br>-Қимылдарды үйлесімді орындауды, кейбір кейіпкерлердің (қаздар) қарапайым әрекеттерін жеткізе білуді үйрету.<br>Балаларды көркемсөз мәтінін мұқият тыңдап, белгілі сигнал сөзін естігенде бір бағытта, бір-біріне соғылмай жүгіруді үйрету; жүгіргенде қолдарын жан-жаққа бұлғап, қаздың қимылын қайталауға ынталандыру; айтылған сөздер мен жаттығудан жағымды әсер алуға баулу.<br>Педагог балаларға ойын шартын түсіндіреді: «Балалар, сендер қаздар боласыңдар. Мені мұқият тыңдаңдар. Сөздерді менің соңымнан қайталауға болады. Менен «бидай шаш» сөздерін естігенде, балалар, маған қарай қолдарыңды былай жайып бұлғап жүгіресіңдер.<br>Педагог қаздардың қимылдарын балаларға біраз қайталатады. | керісінше ауысу.<br>Балалардың белгілі бағытта сигнал бойынша жүгіруін жаттықтыру.<br>Педагог балаларға ойынның бастамасын көрсетеді.<br>Қоңырауым қайда?<br>Сыңғырлайды сайда.<br>Кім адаспай тауып алады,<br>Қоңырауды қолға алады.<br>Балалар жасырынған қонырауды тауып алып, қолға алып сыңғырлатады.<br>Педагог келесі жолы қоңыраудың орнын ауыстырып жасырады.<br>«Аюдың орманында» қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі)<br>- Ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру.<br>Балалардың бір-біріне қақтығысып қалмай, аяқтарын кең қалыпта ұстап, жүгіре білу қабілетін қалыптастыру.<br>"Шеңберге дәлде" ойын жаттығуы. (дене тәрбиесі) | барады.<br>«Қош болыңдар!» - дегендей,<br>Қанаттарын қағады.<br>Сау-саламат болыңдар,<br>Жылы жаққа барыңдар.<br>– Барлығымыз құстарға «бізге келіңдер» деп айтайықшы.<br>Жарайсыңдар!<br>Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларға ағаштан түсіп қалған құрғақ бұтақтарды жинауды ұсыну.<br>-Балаларға ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастарымен бірге әрекет етуге баулу.<br>«Қораз» қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі)<br>- Серуенде қимылды ойындарға қатысуға және жаттығуларды орындауға қызығушылық пен ықылас танытуға баулу.<br>Балаларды қораз (әтеш) қимылдарына | үйлесімді орындауды, кейбір кейіпкерлердің (қаздар) қарапайым әрекеттерін жеткізе білуді үйрету.<br>Балаларға көркемсөз мәтінін мұқият тыңдап, белгілі сигнал сөзін естігенде бір бағытта, бір-біріне соғылмай, жүгіруді үйрету; жүгіргенде қолдарын жан-жаққа бұлғап, қаздың қимылын қайталауға ынталандыру; айтылған сөздер мен жаттығудан жағымды әсер алуды үйрету.<br>Педагог балаларға ойын шартын түсіндіреді: «Балалар, сендер қаздар боласыңдар. Мені мұқият тыңдаңдар. Сөздерді менің соңымнан қайталауға болады. Мен «бидай шаш» сөздерін айтқанда, маған қарай қолдарыңды былай жайып, бұлғап жүгіресіңдер.<br>Педагог қаздардың қимылдарын балаларға біраз қайталатады. Балалар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жүрейік ...<br>– Бұл жақта не бар екен?<br>– Тамаша!<br>Педагог белгілі объектіні тапқандарын айтады, балаларды мақтайды.<br>Жаттығу бірнеше рет өткізіледі, жүру бағыттары ауысады.<br>«Әткеншек» қимылды ойыны. (дене тәрбиесі, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>-Балаларды педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру.<br>Қимылдарды үйлесімді орындауды үйрету. Бір жоғары, бір төмен,<br>Күні бойы тербелем.<br>Әткеншек-ау, әткеншек,<br>Айнала бер бізбенен.<br>Балалардың ойыншықтармен дербес ойындары. | Балалар бір жаққа ауысып кеткенде, педагог қарама-қарсы жерге барып, ойынды тағы бір рет жүргізеді. Бұнда балалардың бір-біріне соғылмауын ескеру керек.<br>С. Бегалин «Қазым».<br>Қазым, қазым, қалқылда,<br>Көлде жүзіп салқында.<br>Жем шашайын, жейсің бе,<br>Кәмпит берші дейсің бе?<br>– Жоқ, жоқ,<br>Кәмпит, тәтті болмайды ас,<br>Арпа менен бидай шаш.<br>«Көлшіктен өт» қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі)<br>- Балаларды бір орнынан ұзындыққа екі аяқпен алға секіру білігін қалыптастыру; дене тепе-теңдігін сақтау, ептілік, көзбен мөлшерлеу сезімдерін дамыту.<br>Балалардың ойыншықтармен дербес ойындары. | -. Балаларға қапты нысанаға (құм салынған қап) дәлдеп лақтыруды, ептілік, мергендік қабілеттерін дамыту.<br>Балалардың ойыншықтармен дербес ойындары. | еліктеуге ынталандыру, тізелерін жоғары көтеріп, қолдарымен екі санын сыртынан соққылауға үйрету, бұлшық еттерін дамыту; жасалған жаттығудан жағымды әсер алуға талпындыру.<br>Педагог балаларға қораздың қимылдарын көрсетеді.<br>– Балалар, мен қандай құсты көрсетемін?<br>– Иә, бұл қораз. Жарайсыңдар!<br>– Қанекей, балалар, менің соңымнан қайталайықшы, қораз сияқты қимылдайық.<br>Д. Ахметова «Қораз».<br>Қораз! Қораз!<br>Тыңдашы біраз.<br>Алтын сенің айдарың,<br>Көрініп тұр айбарың.<br>Терезеден бір қара,<br>Бұршақ берем мың дана.<br>– Жарайсыңдар!<br>– Балалар, қораз қалай дыбыстайды?<br>– Иә, қораз «ку-ка-ре-ку» дейді. | бір жаққа ауысып кеткенде, педагог алшақтау қарама-қарсы жаққа барып, ойынды тағы бір рет жүргізеді.<br>Балалардың бір-біріне соғылмауын ескеру керек.<br>С. Бегалин «Қазым».<br>– Қазым, қазым, қалқылда,<br>Көлде жүзіп салқында.<br>Жем шашайын – жейсің бе,<br>Кәмпит берші дейсің бе?<br>– Жоқ, жоқ,<br>Кәмпит, тәтті болмайды ас,<br>Арпа менен бидай шаш.<br>«Тегіс жолмен жүреміз» ойын жаттығуы. (дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Алға қарай жылжи отырып, екі ақпен бірге секіруге жаттықтыру.<br>Далаға алып шығатын материалмен ойындар.<br>-Балаларға ойыншықтарға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | «Тегіс жолмен жүреміз» ойын жаттығуы. (дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Алға қарай жылжи отырып, екі аяқты қосып секіруге жаттықтыру.<br>«Шеңберден шықпа» жаттығуы. (дене тәрбиесі)<br>- Балаларды шеңберге тұрып, шеңбердің бойымен жүріп қимылдауды үйрету; кеңістікті бағдарлауға, мұқияттылыққа, достыққа тәрбиелеу.<br>Балалардың ойыншықтармен дербес ойындары. | таласпай, барлығы тату ойнауды үйрету.<br>Балалардың ойыншықтармен дербес ойындары. |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (**дербес қимыл әрекеті).** | | | | |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу»<br>Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат бағдарламасы**<br>Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу.<br>Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау.<br>Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау.<br>Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту.<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)** | | | | |
| **Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары** | **Біртіндеп ояту:** Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. **Сауықтыру жаттығулары:** Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). **Өзіне-өзі қызмет ету:** Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту). **Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу). | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | **(1жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>«Қайырлы таң!» мультфильмін көру.<br>-Балалардың эмоцияларын жетілдіру; ересек пен топтастар қасында жүріп, үй жануарлары мен құстарды ажырату, атау қабілеттерін қалыптастыру.<br>«Қораз» қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі)<br>-Балаларға қораздың (әтеш) қимылдарына еліктеуге ынталандыру, тізелерін жоғары көтеріп, қолдарымен екі санының сыртынан соққылауды (ақырын) үйрету, бұлшық еттерін дамыту; жасалған жаттығудан жағымды әсер алуға талпындыру.<br>Педагог балаларға | **(1жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>Ойын-имитация.<br>«Балапандар». (дене тәрбиесі, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>-Қолды алға, жоғары, екі жаққа көтеру; қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жаққа жазуды үйрету. Түйсікті, эмоцияларды дамыту.<br>Балаларға балапандар маскаларын кигізу.<br>– Балапандар! Балапандар! (орнында адымдау)<br>Қалыспаңдар! Қайталаңдар! (орнында адымдау)<br>Қатарларға тұрайық, (аяқтар иық енінде, қол белде)<br>Тезірек қанат қағайық. (тізе сәл бүгулі, алақанмен жамбасын | **(1жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>«Балапандар» жаттығуы. (дене тәрбиесі)<br>- Қолды алға, жоғары, екі жаққа көтеру; қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жаққа жазуды үйрету. Түйсікті, эмоцияларды дамыту.<br>Балаларға балапандар маскаларын кигізу.<br>– Балапандар! Балапандар! (орнында адымдау)<br>Қалыспаңдар! Қайталаңдар! (орнында адымдау)<br>Қатарларға тұрайық, (аяқтар иық енінде, қол белде)<br>Тезірек қанат қағайық. (тізе сәл бүгулі, алақанмен жамбасын қағу) | **(1жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>«Бұлттар ұқсап ұшайық» қимылды ойыны.<br>-Балаларды педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру.<br>Балаларға бір бағыттан екінші көрсетілген бағытқа қарай жүгіруді үйрету.<br>Балаларды көк аспанда ақ бұлттарды бақылауға машықтандыру; бұлттардың ақ мамықтай болғанына, бейнелерге ұқсағанына көңіл аудару.<br>Қ. Мырза Әли «Аспанда».<br>Бір бұлт шықты бие | **(1жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>«Қуыршақтар» сюжетті-рөлдік ойыны. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>-Қарапайым сұрақтарға және неғұрым күрделі сұрақтарға жауап беруге, өз ойын айтуға үйрету; белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді орындауға баулу.<br>Әртүрлі ыдыс-аяқ түрлері туралы білімдерін бекіту, ыдыс-аяқты мақсатына сай пайдалану дағдысын қалыптастыру; тамақтану кезінде өзін әдепті ұстау |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қораздың қимылдарын көрсетеді.<br>– Балалар, мен қандай құстың қимылдарын көрсеттім?<br>– Иә, қораз деген құс. Жарайсыңдар!<br>– Балалар, менің соңымнан қайталайықшы, қоразға ұқсап қимылдайық.<br>Д. Ахметова «Қораз».<br>Қораз! Қораз!<br>Тыңдашы біраз.<br>Алтын сенің айдарың,<br>Көрініп тұр айбарың.<br>Терезеден бір қара,<br>Бұршақ берем мың дана.<br>– Жарайсыңдар!<br>– Балалар, қораз қалай дыбыстайды?<br>– Иә, қораз «ку-ка-ре-ку» дейді. | қағу)<br>Оңға созып мойынды, (қолдар белде, оңға еңкею, мойнын созу, екінші аяқты түзу тұр)<br>Солға созып мойынды, (қолдар белде, солға еңкею, мойнын созу, екінші аяқты түзу тұр)<br>Екі аяқта тұрып,<br>Бір созайық мойынды, (аяқтың ұшына тұру, мойынды жоғары созу)<br>Мүсіндеуден жаттығуы. "Құстарға жем". (мүсіндеу, қоршаған іleмmен таныстыру)<br>-Кесектерді үзіп-жұлу, дөңгелектеу техникаларын бекіту; белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді жасауға ынталандыру. | Оңға созып мойынды, (қолдар белде, оңға еңкею, мойнын созу, екінші аяқты түзу тұр)<br>Солға созып мойынды, (қолдар белде, солға еңкею, мойнын созу, екінші аяқты түзу тұр)<br>Екі аяқта тұрып,<br>Бір созайық мойынды, (аяқтың ұшына тұру, мойынды жоғары созу) (құрастыру, дене тәрбиесі, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>«Не, қалай дыбыстайды?» дидактикалық ойыны. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>- Аулаға ұшып келетін құстарды (торғай, көгершін, қарға), үй құстарын (тауық, қаз, үйрек), маусымға тән табиғат құбылыстарын бақылау. Балаларды құстардың дыбыстарын айтуға ынталандыру; құстарды ажыратуды үйрету; жағымды эмоцияларға бөлену қабілеттерін дамыту.<br>Педагог балаларға тырна мен торғай дыбыстарын | болып,<br>Бір бұлт шықты түйе болып,<br>Бір бұлт шықты шошқа болып,<br>Бір бұлт шықты қошқар болып.<br>Педагог:<br>– Балалар, мен желмін, сендер бұлттарсыңдар.<br>– «Қатты жел соқты!» деген сөзімді естігенде, сендер мен көрсеткен жерге, бұлттарға ұқсап «ұшасыңдар». (дене тәрбиесі, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Жапсырудан жаттығулар. "Ұшқан құстар". (жапсыру, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>-Жапсыруға қызығушылықты ояту. Фланелеграфта құстар бейнелерін орналастыруға ынталандыру. | мәдениетін тәрбиелеу.<br>Құстар туралы тақпақтарды айту жаттығулары. (тіл дамыту және көркем әдебиет, дене тәрбиесі)<br>- Қимылдарды үйлесімді орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге үйрету; педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру.<br>Ескен Елубай «Құстар, қайтып келіңдер!»<br>Қимас әнге салады,<br>Құстар қайтып барады.<br>«Қош болыңдар!» – дегендей, қанаттарын қағады.<br>Сау-саламат болыңдар,<br>Жылы жаққа барыңдар.<br>"Торғай" (ел аузынан)<br>Торғай-торғай тоқылдақ,<br>Жерден тары шоқып ап,<br>Бөтегесі томпайып,<br>Түймедей боп монтыйып, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | тыңдатады, олардың дыбыстарына еліктеу сөздерін айтқызады. Кейін аудиожазбаны тыңдатқанда балалар тырналарды «у-у-у», торғайларды «шиық-шиық» деп дыбыстайды. | | "Шіп-шіп" десіп отырар, Торғай-торғай топтаған. Тоғайды торғай мақтаған, Бір торғай ұшса боранда, Іздеп бәрі жоқтаған. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **(1жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.** Әтеш (қораз) ойыншығымен ойнату. Д. Ахметова «Қораз». Қораз! Қораз! Тыңдашы біраз. Алтын сенің айдарың, Көрініп тұр айбарың. Терезеден бір қара, Бұршақ берем мың дана. (тіл дамыту және көркем әдебиет) Боранбай Ақгүлім Бекзатұлы Қимылды ойын "Жылан" Міндеті: заттар арасында жүру қабілетін жетілдіру. | **(1жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.** Саусақ жаттығуы. «Балапан». Сап-сары ойыншық, Дыбыстайды: «Шиық-шиық». Балапан, жүні үлпілдек, Тынымсыз, тентек. (тіл дамыту және көркем әдебиет) Боранбай Ақгүлім Бекзатұлы Дидактикалық ойын «Мен нені қалаймын?» Міндеті: өз өтінішін сөз бен немесе қысқа сөз тіркестерімен білдіру қабілетін дамытуды жалғастыру. | **(1жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.** Балапан ойыншығымен ойнату. Балапаным, балапан, Қайда кеттің ауладан? Суға бірге барайық, Саған бидай шашайық! Бидай шоқып тоқ-тоқ-тоқ, Қанатыңды соқ-соқ-соқ. (тіл дамыту және көркем әдебиет) Боранбай Ақгүлім Бекзатұлы Музыкалық ойын «Музыка ырғағыменбилеу» Міндеті: музыкаменжүруқабілетінжетілдіру. | **(1жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.** Құстарға жем». Ермексаздан көлемі бірдей кесектерді үзу, ұсақ жем түйіршіктерін илеу амалын игерту. (мүсіндеу, көркемсөз) Құс ұясын бұзбаңдар, Балапанын алмаңдар. Құстар біздің досымыз, Обалына қалмаңдар. Боранбай Ақгүлім Бекзатұлы Дидактикалық ойын «Гүлөседі» Міндеті: гүлді өсімдікті бақылау және оның бөліктерін атау қабілетін дамытуды жалғастыру. | **(1жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.** Торғай» саусақ жаттығуы. - Балаларды тақпақты мәнерлеп оқуға, мазмұнына сай қимылдарды жасауға машықтандыру; сөйлеу мәнерін, қолдың ұсақ моторикасын жетілдіру. Торғай, торғай, тоқылдақ, Жерден тары шоқып ап, Бөтегесі томпайып, Тойған қозыдай монтайып, «Шіп-шіп» десіп отырар. Балалар бас бармақтарын біріктіреді, құстың ұшқанын келтіреді, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуеннен оралу** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, тіл дамыту және көркем әдебиет, дербес іс-әрекет)<br>Баланың дербестікке ұмтылысын қолдау, әрбір баланы күн тәртібіне біртіндеп үйрету. Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен шешу және киюді үйрету.<br>Түсінетін сөздер қорын кеңейту. Сөздік қорды киімдер түрлерін білдіретін зат есімдермен, тұрмыстық (киіну, жуыну) әрекеттерін білдіретін сөздермен толықтыру.<br>Тамақтану алдында және лас болған кезде қолын жууға (қолдарын сабындауға көмектесу, аққан судың астына қолдарын тосып ұстау) ынталандыру; эмоционалды тұрғыдан қолдау. | | | | |
| **Түскі ас** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Баланың дербестікке ұмтылысын қолдау, әрбір баланы күн тәртібіне біртіндеп үйрету. Тамақтану алдында және лас болған кезде қолын жууға үйрету.<br>Қою тамақты қасықпен өз бетінше жеуге, сорпа тамақты ішуге үйрету (нанды сорпамен бірге ішу, тек өз тәрелкесіндегі тамақты ішу), ересектің көмегімен майлықты қолдану, тамақтан соң ересектерге ілтипат білдіру.<br>Балаларды өздігінен тамақтануға ынталандыру, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Қасығымыз қайда?<br>Табақшамыз қайда?<br>Өзіме жақын тартайық,<br>Тамақты тауысып алайық. | | | | |

<table>
<tr><td>Күндізгі ұйқы</td><td colspan="5">(мәдени-гигиеналық дағдылар, музыка, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен шешу және кию, оларды дұрыс бүктеу. Түбекке сұрану, өз түбегінің орнын білу, тек өз түбегіне отыру.<br>Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу, баяу ырғақты музыка тыңдату.</td></tr>
<tr><td>Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары</td><td colspan="5">(дене тәрбиесі)<br>«Ұйқыашар» жаттығуы.<br>– Балалар, ояныңдар, керіліп-созылыңдар! Мен сендермен ойнағым келеді.<br>Төсекте жатып жасайтын жаттығулар: «Мысықтар».<br>– Мысықтар оң жаққа қарап ұйықтап жатыр, ұйқысырап, мияулап жатыр, көздерін жұмып «мияу-мияу-мияу» деп жатыр.<br>Көзін ашып, аяқ-қолын керіп жатыр.<br>Төрт аяқтап тұрып мойынымызды жоғары созып мияулаймыз «мияу-мияу-мияу».<br>Отырып башпайларымызды уқалаймыз, аяғымызды сипаймыз.<br>Майтабанның алдын алу.<br>Мысық шеңбер бойымен аяқтың ұшымен жүр, екі аяқпен секірді, аяңдап жүрді, орнына қарай барды.<br>Орындықта отырған қалпы оң аяғын сол аяғына қойып, табандағы нүктелерді (массаж жасау) уқалау, аяқтарын ауыстырып, табандағы нүктелерді (массаж жасау) уқалау (3-4 рет).<br>Ұйқыдан кейін және күні бойы киініп-шешіну кезінде балаларды шынықтыруды жүзеге асыру. Балаларды шынықтыруда ауа ванналарын күніне бірнеше рет киіну-шешіну кезінде қолдану (ауа ванналарының ұзақтығын 2-3 минуттан, 6-10 минутқа дейін ұзарту). Сауықтыру-шынықтыру шараларын табиғи факторларды (ауаны) пайдаланып, жүргізу.</td></tr>
<tr><td>Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)</td><td>(1жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.<br>Саусақ жаттығуы. «Қонжық».<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Күрделі емес бейнелі ойындар ойнау.<br>Ересектердің сөздерін тыңдауға, қайталауға баулу. Дыбыстық тіркестер мен сөздерге еліктей отырып, дыбыстау. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту.</td><td>(1жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.<br>Ойын-имитация. «Кірпіжан».<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, дене тәрбиесі)<br>Балаларға ортақ ойын барысында кірпі кейіпкеріне жағымды эмоциялық қатынасын білдіруге ынталандыру, педагогтің соңынан сөздер мен қимылдарды қайталап жүру</td><td>(1жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.<br>«Аю орманда» қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, дене тәрбиесі)<br>Айналасындағы адамдардың сөзін тыңдау, олардың ауызша айтылған талаптарды орындау. Балаларға ойынның шартын бұзбай ойнауды үйрету, белгі бойынша</td><td>(1жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.<br>«Балық аулаймыз» үстел ойыны.<br>(сенсорика, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Заттарды өлшемі немесе пішініне қарай сәйкес ұяларға орналастыруға арналған тапсырмаларды орындау. Баланың көзбен мөлшерлеуді,</td><td>(1жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.<br>«Суретті құрастыр» үстел ойыны.<br>(сенсорика, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>екі бөліктен тұратын қиылған суреттерді жинау, балаларға екі бөліктен тұратын суреттен бір тұтас суретті құрастыруды үйрету; қабылдау, ойлау қабілеттерін дамыту.</td></tr>
</table>

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Қонжық жүрсе орманда, (жұдырықтарды қысып, бір жағымен үстелге, тізеге соққылау) Томпаң-томпаң басады. Қорбаң-қорбаң қорбаңдап, (алақандарды ашып, саусақ ұштарын бір-біріне қарсы салып, алақандардың ішкі жағымен соққылау) Бізді көрсе қашады. (саусақтарды алға қарату, кезек-кезек соққылау) (Д. Ахметова)<br><br>«Тоқ, тоқ» саусақ жаттығуы. (сенсорика, қоршаған әлеммен таныстыру) Күрделі емес бейнелі ойындар ойнау. Ересектердің сөздерін тыңдауға, қайталауға баулу. Дыбыстық тіркестер мен сөздерге еліктей отырып, дыбыстау. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Жағымды көңіл күйге ие болуына мүмкіндік жасау. Тоқ-тоқ-тоқ! (бір-бірінің арқасынан екі | дағдыларын қалыптастыру. Құралдар: кірпінің суреті немесе ойыншығы. Кірпіжан, кірпіжан, Қайда жортып барасың? Орманнан, орманнан Нені іздеп аларсың? – Жолым көп, жолым көп, Қорек іздеймін. Қорек көп, қорек көп Тауып алып, жеймін. (Д. Ахметова)<br><br>«Доп» саусақ гимнастикасы. (сенсорика, қоршаған әлеммен таныстыру) Күрделі емес бейнелі ойындар ойнау. Ересектердің сөздерін тыңдауға, қайталауға баулу. Дыбыстық тіркестер мен сөздерге еліктей отырып, дыбыстау. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту, доппен әрекет етуептілігін, тіл дамыту. Қолымда добым бар (допты оң жақ қолға қою), Жұдырық жұмамын (қатты қысамыз), Жіберемін, қысамын | мәтіннің сөзіне сай қимыл-қозғалыс жасауларын дағдыға айналдыру, зейіндерін, байқампаздықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту. Қорбаңдаған аюдың (аю сияқты жүреді) Құлпынайы көп екен. (құлпынайды іздеу қимылын жасайды) Теріп-теріп алайық, (құлпынайды тереді) Қалтамызға салайық, (себеттеріне салады) Тәрбиеші: «Бұнда қанша жидек бар?» деп айта беріп, себетті «байқаусызда» құлатып алады. Жидектер (кішкене доптар) жерге шашылады, балалар оларды жинайды.<br><br>«Үйшік» ертегісін мәнерлеп оқып беру. (тіл дамыту және көркем әдебиет) Балаларды ертегімен таныстыру, кейіпкерлердің әрекеттеріне эмоционалды жауап беруге қызығушылықты ояту. Құралдар: ертегіні | дәлдеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Педагог үстелдің бетіне сопақша пішінді қатты қағаздан көлдің пішінін қиып, баланың алдына салады, оның бетіне әртүрлі балықтардың кескіндерін үлестіріп салып қояды. Әр балықтың денесінде кез келген геометриялық пішіннің ойығы болады. Балалардың қолында түрлі геометриялық пішіндер жинағы жатады. Балалар кез келген балықтың үстіне тура келетін пішінді тауып салса, оны аулап алған болып саналады.<br><br>«Сұр қоян» саусақ гимнастикасы. (сенсорика, қоршаған әлеммен таныстыру) Күрделі емес бейнелі ойындар ойнау. Ересектердің сөздерін тыңдауға, қайталауға баулу. | Қасқыр, аю, қоян және тағы басқалар бейнеленген бірнеше суреттер екіге бөлініп, балаларға ұсынылады. Балалар ұсақ бөлшектерден тұтас суретті құрастырып, шығарулары керек.<br><br>«Қонжықты емдейміз» сюжетті-рөлдік ойыны. (қоршаған әлеммен таныстыру) Күрделі емес бейнелі ойындар ойнау. Балаларды тіршілік иелеріне аяушылықпен қарап, көмек көрсетуге болатынын түсіндіру. Ойыншықтың дене мүшесін, көлемін дауыстап айтқызу, барлығына қайталату. Құрал-жабдықтар: қонжық, төсек, арба, қызуөлшегіш (градусник), екпе егетін шприц, дәрі. Ойын шарты. Балалар шеңбер құрып отырады. Тәрбиеші қонжықты алдына алып, оның ауырып қалғанын хабарлайды. Қонжықтың қолтығына қызуөлшегіш қойып, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | рет ақырын қағу)<br>Ия, тыңдап тұрмын!<br>(үш рет қол шапалақтау)<br>Мен сізге келсем бола ма? (тағы үш рет ақырын қағу)<br>Әрдайым қуаныштымын! (біз қолымызды екі жаққа жайдық) | (алақанды ашамыз),<br>Допты домалатамын<br>(допты алақанға домалатамыз). | үстел (немесе саусақ) театрында саханалауға қажет кейіпкерлердің кескіндері (саусақ ойыншықтары), тіреушелері, шымылдық (ширма). | Дыбыстық тіркестер мен сөздерге еліктей отырып, дыбыстау.<br>Қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Ұзын құлақ, сұр қоян (қолымызды басымызға құлақ сияқты қоямыз).<br>Қызыл танау (сұқ саусақпен танауды көрсету).<br>Күлкілі мұрты да бар (сұқ саусақты көлденеңінен еріннің үстінен қою).<br>Қатты қолдарымен (өз денесін құшақтау),<br>Сәбізін алып жейді (қолымызды айқастырамыз). | дене қызуын өлшейді.<br>Суық тигені және дене қызуы жоғары көтерілген айтып, оған аяушылық білдіріп, қонжықты емдеу керектігін көрсетеді.<br>Екпе егіп, дәрі беріп, қонжықты ұйықтатады. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **(1жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>Имитация ойыны<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Күрделі емес бейнелі ойындар ойнау.<br>Ересектердің сөздерін тыңдауға, қайталауға баулу. Дыбыстық тіркестер мен сөздерге | **(1жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>Алдымызда ұзынша,<br>Жайылып тұр жолақша.<br>Топ-топ басайық,<br>Бірге жылдам барайық.<br>Секіреміз оп-оп!<br>Біз жүреміз топ боп.<br>(Д. Ахметова) Жұман Хан Елдосұлы<br>Дидактикалық ойын | **(1жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>Көмекем сөзді айту (тыңдау) жаттығуы.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Күрделі емес бейнелі ойындар ойнау.<br>Ересектердің сөздерін тыңдауға, қайталауға баулу. Дыбыстық | **(1жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>Ермексаздан кесектерді үзіп, бағандарды есу амалдарын меңгерту.<br>«Сәбіздер».Жұман Хан Елдосұлы<br>Музыкалық ойын "Ән айтамыз"<br>Міндеті: ересектер | **(1жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>Ойын-имитация.<br>«Кірпіжан»<br>Күрделі емес бейнелі ойындар ойнау.<br>Ересектердің сөздерін тыңдауға, қайталауға баулу.<br>Кірпіжан, кірпіжан,<br>Қайда жортып |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | еліктей отырып, дыбыстау. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Құстар, құстар, келіңдер,<br>Жемді шоқып, теріңдер.<br>Жемді шоқып, тойсаңдар,<br>Ән салып беріңдер.<br>(Д. Ахметова) Жұман Хан Елдосұлы<br>Дидактикалық ойын «Ананың көмекшісі»<br>Міндеті: ересектердің көмегімен қарапайым өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын бекіту. | «Аю не істейді?»<br>Міндеті: 2-3 сөзден тұратын сөйлемдерді айту қабілетін дамытуды жалғастыру. | тіркестер мен сөздерге еліктей отырып, дыбыстау.<br>С. Бегалин «Қазым»<br>Қазым, қазым, қалқылда,<br>Көлде жүзіп салқында.<br>Жем шашайын – жейсің бе,<br>Кәмпит берші дейсің бе?..<br>– Жоқ, жоқ,<br>Кәмпит, тәтті болмайды ас,<br>Арпа менен бидай шаш.<br>Жұман Хан Елдосұлы<br>Музыкалық ойын "Әнайтамыз"<br>Міндеті: ересектермен бірге әннің кейбір сөздерін айту қабілетін дамытуды жалғастыру. | мен бірге әннің кейбір сөздерін айту қабілетін дамытуды жалғастыру. | барасың?<br>Орманнан, орманнан<br>Нені іздеп аларсың?<br>(Д. Ахметова) Жұман Хан Елдосұлы<br>Дидактикалық ойын «Жол бойымен жүреміз»<br>Міндеті: серуендеу кезінде қауіпсіз мінез-құлықтың қарапайым ережелерін сақтау қабілетін жетілдіру. |
| **Серуенге дайындық** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, тіл дамыту және көркем әдебиет, дербес іс-әрекет)<br>«Өнегелі тәрбие». Баланың дербестікке ұмтылысын қолдау, әр балаға күн тәртібін біртіндеп үйрету. Серуенге қызығушылықты ояту.<br>Түсінетін сөздер қорын кеңейту. Сөздік қорды киімдер түрлерін білдіретін зат есімдермен, тұрмыстық (киіну, жуыну) әрекеттерін білдіретін сөздермен толықтыру.<br>«Қауіпсіздік». Серуенде қауіпсіз мінез-құлықтың қарапайым ережелерімен таныстыру (өсімдіктерді, бөгде және лас заттарды ұстамау, ауызға салмау, топырақты шашпау). | | | | |
| **Серуен** | Қараша айына арналған серуен картотекасы жинағы қосымша жасақталған | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті). | | | | |
| **Кешкі ас** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, тіл дамыту және көркем әдебиет, дербес іс-әрекет)<br>Баланың дербестікке ұмтылысын қолдау, әрбір баланы күн тәртібіне біртіндеп үйрету. Тамақтану алдында және лас болған кезде қолын жууға үйрету. | | | | |

<table>
<tr><td></td><td colspan="5">Тамақтану рәсімін ұстануға қызығушылық тудыру. Қою тамақты қасықпен өз бетінше жеуге ынталандыру, ересектің көмегімен майлықты қолдану, тамақтан соң ересектерге ілтипат білдіру. Жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Қасығымыз қайда?<br>Табақшамыз қайда?<br>Өзіме жақын тартайын,<br>Тамақты тауысып жеп алайын.</td></tr>
<tr><td>Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)</td><td colspan="5">Түрлі жас (1жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.<br>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарастыру, ауызша сипаттама беру; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Дыбыстық тіркестер мен сөздерге еліктей отырып дыбыстау. Көркем әдебиетті қабылдауға қызығушылықты ояту.<br>Қиылған суреттерді бір тұтасқа жинау ойындары (2-4 бөлік).<br>(сенсорика)<br>Заттарды өлшемі немесе пішініне қарай сәйкес ұяларға орналастыруға арналған тапсырмаларды орындау, түрлі өлшемдегі 2–3 сақинадан тұратын конус негізді (өзегі) пирамидаға, кейіннен тік өзектегі пирамидаға бір өлшемді бірнеше сақинаны, содан кейін түрлі өлшемді екі топтағы сақиналарды белгілі реттілікпен жинау.<br>Музыкалық аспаптармен (сылдырмақтармен) ойындар: 1/2 мөлшері әуеннің ырғағына сай сылдырлатуға бейімдеу. (музыка)</td></tr>
<tr><td>Балалардың үйге қайтуы</td><td>«Балаға жабайы табиғат өкілдерін таныстыру»</td><td>«Тамақтану және киіну дағдыларын қалыптастыру»</td><td>«Жабайы аңдар мен олардың төлдері»</td><td>«Кішкентай бүлдіршіндердің мәдени-гигиеналық дағдыларын тәрбиелеу»</td><td>«Балаға шағын тақпақтарды жаттатудың маңызы»</td></tr>
</table>

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Қараша айы 2025 жыл 3 апта**

**Жоспардың құрылу кезеңі:** (17.11.2025 – 21.11.2025 жыл 3 апта)

**Оқысаң – озарсың, Оқымасаң – тозарсың. (Мақал)**

| Апта күндері | *Дүйсенбі*<br>17.11.2025 | *Сейсенбі*<br>18.11.2025 | **Сәрсенбі**<br>19.11.2025 | **Бейсенбі**<br>20.11.2025 | *Жұма*<br>21.11.2025 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.<br>Сәлемдесу (тіл дамыту және көркем әдебиет) | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | «Саусақ жаттығулары арқылы баланың сөйлеу тілін дамыту» | «Баланың жағымды эмоцияларын дамытудың маңызы» | «Баланың жағымды эмоцияларын дамытудың маңызы» | «Үйде ғажайып сәттер ұйымдастыру жолдары» | «Үйде ғажайып сәттер ұйымдастыру жолдары» |
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)** | **(1жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>«Өнегелі тәрбие». «Ойын бұрышы»<br>Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтардың біреуімен ойнауға деген қалауын айтуды, көрсетуді, атауды үйрету, ойыннан кейін өз ойыншықтарды орнына жинауға ынталандыру, мақтау.<br><br>«Менің Қазақстаным» | **(1жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>«Өнегелі тәрбие». Үлкен кісінің еңбегін бақылау. Ойыншықтарды сөреге жинау<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>ойын бұрышындағы сөренің шаңын сүртуді көрсету; қоршаған орта заттарына қызығушылықты ояту; ойыншықтардың шашылғанына көңіл | **(1жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>«Өнегелі тәрбие». Үлкен кісінің іс-әрекетін бақылау. Ойыншықтарды қорапқа жинау<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет, сенсорика)<br>қоршаған орта заттарына қызығушылықты ояту; ойыншықтардың шашылғанына көңіл | **(1жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>«Өнегелі тәрбие». Ересектің еңбегін бақылау. Өсімдіктерді суғару<br>(қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Өсімдіктерге қызығушылықтарын ояту, оларға қамқор болуға баулу; табиғат бұрышындағы өсімдіктер тұрған ыдыстардағы топырақтың құрғағанына | **(1жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>«Өнегелі тәрбие». Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін көрсету.<br>(дене тәрбиесі, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары)<br>баланың дербестікке ұмтылысын қолдау, әр балаға күн тәртібін біртіндеп үйрету; тамақтану алдында және лас болған кезде қолын жууға (қолдарын сабындауға көмектесу, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қазақстан Республикасының Гимнін орындау. балалардың патриоттық тәрбиесін қалыптастыру. (музыка)<br><br>«Қарындаштарды (борларды, геометриялық пішіндерді) ыдыстардың түстеріне сай жина» дидактикалық ойыны. (сенсорика)<br>Біртекті заттарды ортақ белгісі: пішіні, түсі бойынша топтастыру, саусақтардың ұсақ моторикасын дамыту үшін заттармен әрекет жасау. Балалардың түстерді қабылдау және ажырату сенсорлық қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Құралдар: түрлі түсті қарындаштар (борлар, геометриялық пішіндер); заттардың әр түсінен үштен кем емес.<br>Шарты: заттарды бірыңғай түстер бойынша топтастыру. | аудару; оларды сөреге жинауды ұсыну; ересектің айтқан сөзіне сәйкес келетін ойыншықтарды табуға және көрсетуге мүмкіндік жасау, эмоционалды тұрғыдан қолдау.<br><br>«Сылдырмақ» тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>ресектердің сөздерін тыңдауға, қайталауға баулу. Дыбыстық тіркестер мен сөздерге еліктей отырып, дыбыстау. Балалардың ырғақты есту, дыбыстық тіл мәдениетін дамыту; көркемсөзді айта тұрып, ойыншықпен қимылдау, қуанышқа бөлену қабілетін қалыптастыру. Педагог балаларға сылдырмақтарды таратып, еркін қимылдауға мүмкіндік береді. Педагог жолдардың ырғағына сай сылдырмақ туралы тақпақты мәнерлеп оқып, балаларды қосылып айтуға шақырады.<br>Сылдырмақ соқтық,<br>Қолға алдық «тоқ-тақ». | аудару; қорапқа жинауды ұсыну; ересектің айтқан сөзіне сәйкес келетін заттарды көрсетуге, түсіне қарап ажыратуға мүмкіндік жасау, эмоционалды тұрғыдан қолдау.<br>«Сыбызғыны үрле!» ойыны<br>(музыка)<br>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Күшті, біркелкі дем шығаруды дамыту; бұлшықеттерін белсендіру.<br>Жабдық: әртүрлі үрмелі музыкалық аспаптар: түтіктер, флейта, сыбызғы, гармоника. Балаларға аспаптарды таратып, алдымен бір-бірлеп, содан кейін бәрі бірге ойнауды ұсыну.<br>– Енді, балалар, біраз ойнайық! Сыбызғыны алып ойнай бастайық!<br>Егер балалардың біреуі сыбызғыдан дыбыс шығара алмаса, оның дұрыс үрлегенін қадағалау керек.<br>Дамытушы мультфильмі.<br>«Бата» | көңіл аудару; өсімдіктерді күту, суғару амалдарын көрсету.<br>«Сәлем!» саусақ жаттығуы<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Күрделі емес бейнелі ойындар ойнау. Ересектердің сөздерін тыңдауға, қайталауға баулу. Дыбыстық тіркестер мен сөздерге еліктей отырып, дыбыстау. Қолдың ұсақ моторикасын, зейінін, есте сақтау қабілетін дамыту. Сәлемдесем әрдайым (екі қолдарын айқастырып кеуделеріне қояды)<br>Үйде және көшеде (екі қолдарын алға жаяды)<br>Бәріне де «Сәлем!» деймін мен<br>(«қанаттарын» екі қолдарын сәл көтеріп, қайта түсіріп қағып тұрады)<br>Тауыққа көрші үйдегі (бір қолдың сыртын екінші қолдың алақанына беттестіре саусақтарды жан-жаққа ашып «күн» жасайды).<br><br>"Мынау кім?" ойын- | аққан судың астына қолдарын тосып ұстау) ынталандыру; эмоционалды тұрғыдан қолдау.<br><br>«Сиқырлы сандықшалар» дидактикалық ойыны. (сенсорика)<br>Біртекті заттарды ортақ белгісі: пішіні, түсі бойынша топтастыру, саусақтардың ұсақ моторикасын дамыту үшін заттармен әрекет жасау. Балаларға көлемі әртүрлі 5 затты ажыратып, оларды бір үлкен сандықшаға жинауды үйрету; қолдың ұсақ моторикасын, ойлау, көзбен мөлшерлеу қабілетін дамыту; жағымды әсер алуға мүмкіндік жасау.<br>Шарты: көлемі бес түрлі сандықшаны бір-бірінің ішіне салып жинау.<br>Қандай тамаша!<br>Алдымызда көп сандықша.<br>Сандықшалар бірдей емес,<br>Кішкентай, үлкен, орташа.<br>Кішкентайды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | "Қайдасың? Ку-ку!" ойыны.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Баланың өзіне деген қызығушылығын қалыптастыру. Өзіне жақын ересектер мен құрдастарына жағымды қарым-қатынас таныту (күлімсіреу, басын изеу, қолын бұлғау).<br>Ересектердің сөздерін тыңдауға, "Бұл кім?", "Бұл не?" деген қарапайым сұрақтарға жауап беруге<br>Балаларды педагог немесе басқа аталған объектіге назар аударуға машықтандыру; жағымды эмоцияларды дамыту (шағын топтардағы ойын).<br>Тәрбиеші "ку-ку" дейді де, орамалдың артына тығылып қалады.<br>Тәрбиешінің міндеті: балалардың назарын орамалмен мүмкіндігінше ұзақ ұстау. | Жаңа жылды күттік,<br>Тоқылдаттық «тоқ-тоқ».<br>(Д. Ахметова) | | жаттығуы.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Баланың өзіне деген қызығушылығын қалыптастыру.<br>Фотосуреттерден өзін, құрдастарын тану. Өзіне жақын ересектер мен құрдастарына жағымды қарым-қатынас таныту (күлімсіреу, басын изеу, қолын бұлғау). | үлкендеуіне салайық,<br>Барлығын үлкен сандыққа жасырайық. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ертеңгілік жаттығу** | «Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату,бірге орындау,жаттату<br>Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету.<br>Қараша айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау.<br>**Мақсаты:** Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат бағдарламасы** | | | | |
| **Таңғы ас** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, тіл дамыту және көркем әдебиет, дербес іс-әрекет)<br>Баланың дербестікке ұмтылысын қолдау, әрбір баланы күн тәртібіне біртіндеп үйрету. Тамақтану алдында және лас болған кезде қолын жууға үйрету.<br>Тамақтану рәсімін ұстануға қызығушылық тудыру. Қою тамақты қасықпен өз бетінше жеуге ынталандыру, ересектің көмегімен майлықты қолдану, тамақтан соң ересектерге ілтипат білдіру. Жағымды эмоцияларды дамыту.<br>– Дәмді тағам дайын, пай, пай ...<br>Шақырады шебер аспаз апай (ағай):<br>– Қасықтарыңды дайындаңдар!<br>Асықпаңдар, асықпаңдар ... | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық** | Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аудару орындарын ұйымдастыру<br>Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері<br>**Қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | **Дене тәрбиесі**<br>**1жастағы балалар**<br>«Орман тұрғындарына қонаққа барайық».<br>Кішкентай допты (қапшықты) оң және сол қолмен лақтырған кезде бастапқы позицияға дұрыс тұруды үйрету;<br>орнында секіру (секіру) кезінде қозғалыс қабілеттерін дамыту, гимнастикалық жолдың бойымен алақан мен | **Музыка**<br>**1жастағы балалар**<br>«Орамал бұлғайық»<br>«Күшігім» әуенінен баланың эмоциналды, жағымды әсер алуын қалыптастыру. Дауысты біркелкі әндетіп шығаруды үйрету, сөздің екпінді буындарын созып айтуды үйрету.<br>Қимылдардың нақты көрсету шеберлігін дамыту. Ересек адаммен еркін қарымқатынасу | **Дене тәрбиесі**<br>**1жастағы балалар**<br>«Аңдар балаларға қуанады».<br>Балаларды тепе-теңдікті сақтап, гимнастикалық жолмен жүру жаттығуларын жалғастыра отырып, батылдық сезімін арттыра түсу.<br>Балалардың көлденең нысанаға екі қолмен өздеріне ыңғайлы түрде лақтыру дағдыларын | | **Дене тәрбиесі**<br>**1жастағы балалар**<br>«Бір, екі, үш! Жүгір!»<br>Балалардың қатарда жүгіру қабілетін арттыру; биіктігі 50 см арқанның астында еңбектеп жүру; жүгіру жылдамдығын арттыру, педагог берген нұсқауларға назар аудару, жаттығу жасау ептілігіне жаттықтыру.<br>«Шашылған бұршақтарды (доптарды) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тізеге тіреліп еңбектеу дағдысын машықтандыру, гимнастикалық таяқшадан секіру дағдысын бекіту, кедергілерді жеңуге сенімділік сезімін қалыптастыру.<br>. | жолдарын дамыту.<br>Музыкалық сағат «Бала, бала, балапан»<br>Балаларға бірігіп ән айтуды үйрету. | жетілдіру. Олардың жүгіру дағдыларын күрделендіре отырып, дамытуды жалғастыру (баяу жүгіру, аяқтың ұшымен жүру, шеңберден шеңберге адымдау).<br>Қимылды ойын. «Бір, екі, үш - жүгір! | | жинайық» қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі)<br>ұсақ заттарды саусақтарымен іліп алу, заттарды бір-біріне беруді үйрету. Ойын барысы: балалар шеңбер бойымен тұрады. Әр баланың алдында бір бұршақтан (кішкентай доптар) жатады, балалар кезекпен доптарды сауақтарымен іліп алып, қасындағы балаға береді. Барлық бала осы әрекетті қайталап болғанда бір айналым аяқталады. (3 рет) |
| | **Дене тәрбиесі**<br>**2 жастағы балалар**<br>"Көпірден құлап кетпейік".<br>Балаларды екі жолақтың арасымен тура бағытта бір-бірінен соң тізбекте жүру іскерліктерін жетілдіру; жүру икемділігін дамыта отырып, дене және аяқ бұлшық еттерін дамыту; өзара достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу; балаларды жаттығу кезінде дәлдікке, | **Музыка**<br>**2 жастағы балалар**<br>"Құстар әні".<br>Балаларды құстар тақырыбына қатысты музыканы тыңдап, қызығушылығын білдіруге ынталандыру; әндегі дыбыс ұзақтығын ажырата білу қабілетін жетілдіру. | **Дене тәрбиесі**<br>**2 жастағы балалар**<br>"Тура бағытта жүреміз".<br>Балалардың екі жолақтың арасымен тура бағытта бір-бірінен кейін тізбекте жүру дағдыларын қайталау; жүру икемдіктерін, дене және аяқ бұлшық еттерін дамыту; жолдан шықпай, жолды баспай жүру икемдіктерін арттыру; табиғатты аялауға, құрметтеуге ынталандыру; | | **Дене тәрбиесі**<br>**2 жастағы балалар**<br>"Қасқырданептіміз".<br>Балаларға қатармен жүгіріп, биіктігі 50 см жіптің астынан еңбектеп өтуді үйрету; жүгіру және еңбектеу техникасын меңгерте отырып, жаңа қимылды тез қабылдай білуге машықтандыру. Балалардың жүгіру шапшаңдығын жетілдіру; еңбектеу кезінде балалардың ептілік, төзімділік, шапшаңдық қабілетін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ұйымдастырылған іс-әрекетке белсенді қатысуға тәрбиелеу. "Аюмен жүгіріп жарысайық" қимылды ойыны. Жүгіру жылдамдығын дамыту, топтасып ойнауды үйрету | | балаларға жаттығуларды қайталату арқылы бекіту. "Кім жылдам?" қимыл ойыны. Жүгіру жылдамдығын дамыту, топтасып ойнауды үйрету. | | дамыту. Балаларды жаттығу кезінде батылдыққа, дәлдікке, достық қарым-қатынасқа, мәдениет және адамгершілік әдебіне, ұйымдастырылған іс-әрекетке белсенді қатысуға тәрбиелеу. "Қасқыр мен қоян" қимылды ойыны. Жүгіру жылдамдығын дамыту. Бірлесіп ойнауды, кейіпкерлердің рөліне енуді үйрету. |
| **Серуенге дайындық** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, тіл дамыту және көркем әдебиет, дербес іс-әрекет). «Өнегелі тәрбие». Баланың дербестікке ұмтылысын қолдау, әр балаға күн тәртібін біртіндеп үйрету. Серуенге қызығушылықты ояту. Түсінетін сөздер қорын кеңейту. Сөздік қорды киімдер түрлерін білдіретін зат есімдермен, тұрмыстық (киіну, жуыну) әрекеттерін білдіретін сөздермен толықтыру. «Қауіпсіздік». Серуенде қауіпсіз мінез-құлықтың қарапайым ережелерімен таныстыру (өсімдіктерді, бөгде және лас заттарды ұстамау, ауызға салмау, топырақты шашпау). | | | | |
| **Серуен** | **(1жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.** Бұлттарды бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Қоршаған ортаның табиғат құбылыстарына | **(1жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.** «Қауіпсіздік». Ұшқан құстарды бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Жануарларға (құстарға) деген қызығушығын дамыту, оларға қамқор болуға баулу. Серуенде | **(1жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.** «Экологиялық тәрбие», «Қауіпсіздік». Шыршаны (басқа ағашты) бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) | **(1жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.** «Өнегелі тәрбие», «Қауіпсіздік». Аула тазалаушының еңбегін бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мінез-құлық мәдениетінің дағдыларын | **(1жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.** Аспанды бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Балаларға аспанның жоғарыда тұрған шатырға ұқсайтынын байқату, түсін айтқызу, аспанның таза немесе бұлтты болғанын байқау |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | қызығушылықты ояту. Табиғаттағы ауа-райы құбылыстарын бақылау (жаңбыр, жел, күннің жарқырауы, қар).<br>Балаларды көк аспандағы ақ бұлттарды байқауға үйрету; бұлттардың ақ мамықтай немесе сұр болғанына көңіл аудару.<br>Қ. Мырза Әли «Аспанда».<br>Бір бұлт шықты бие болып,<br>Бір бұлт шықты түйе болып,<br>Бір бұлт шықты шошқа болып,<br>Бір бұлт шықты қошқар болып.<br>«Бұлттар ұқсап ұшайық» қимылды ойыны.<br>(дене тәрбиесі, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Балаларға бір бағыттан екінші көрсетілген бағытқа қарай жүгіруді үйрету.<br>– Балалар, мен желмін, сендер | қауіпсіз мінез-құлықтың қарапайым ережелерімен таныстыру<br>Балаларға «құстар көп» сөздерін айтқызу.<br>Ескен Елубай «Құстар, қайтып келіңдер!»<br>Қимас әнге салады,<br>Құстар қайтып барады.<br>«Қош болыңдар!» – дегендей,<br>Қанаттарын қағады.<br>Сау-саламат болыңдар,<br>Жылы жаққа барыңдар.<br>«Қаздар» қимылды ойыны.<br>(дене тәрбиесі, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Балаларды көркемсөз мәтінін мұқият тыңдап, белгілі сигнал сөзін естігенде бір бағытта, бір-біріне соғылмай жүгіруді үйрету; жүгіргенде қолдарын жан-жаққа бұлғап, қаздың қимылын қайталауға ынталандыру; айтылған сөздер мен жаттығудан жағымды әсер алуға | Өсімдіктерге деген қызығушылықтарын ояту, оларға қамқор болуға баулу. Өсімдіктердің (ағаш) өзін тану және атау. Серуенде қауіпсіз мінез-құлықтың қарапайым ережелерімен таныстыру<br>Шыршаның ерекшеліктері туралы түсінік қалыптастыру, сыртқы ерекшеліктеріне көңіл аудару.<br>Тәрбиеші балаларға тақпақ тыңдау арқылы учаскеден ағашты табуды ұсынады.<br>Тікен, тікен тік пісте,<br>Қысы-жазы бір түсте.<br>Балаларды шыршаның қасына әкеліп, оның ерекшеліктеіне назар аударады.<br>«Епті қояндар» қимылды ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>балаларға еденнен 12–18 сантиметр | қалыптастыру: амандасу, қоштасу, алғыс айту. Балаларды аула тазалаушының еңбегіне көңіл аудару. Серуенде қауіпсіз мінез-құлықтың қарапайым ережелерімен таныстыру.<br>Қ. Мырза Әли «Көше тазалаушы»<br>– Таныссың ба, бала, менің ісіммен,<br>Көшелерді сыпыратын кісі мен.<br>Қалған-құтқан нәрселерді жұғымсыз<br>Сыпырғышым сыпырады тынымсыз.<br>Ескі-құсқы шүберекті, сүйекті,<br>Қораптарды, түймелерді, тиекті.<br>Шиқылдаған екі жақты арбамен<br>Апарам да аударамын орға мен.<br>«Қаздар қатармен жүреді» азқимылды ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>жүру және тепе-теңдік сақтау жаттығулары, қоршаған ортадағы құстарға (қаз) | қабілеттерін бекіту; зейінін, түйсігін дамыту.<br>Тап-таза көгілдір алаң,<br>Бұл жердің шатыры аспан.<br>Аспан – күннің мекені,<br>Жұлдыздар мекені.<br>«Ұшақтар» қимылды ойыны.<br>(дене тәрбиесі, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Балаларды ұшақ көлігін елестетіп, қолдарын жан-жаққа жайып, түрлі бағыттарға жүгіру және белгілі жерде тоқтай білу дағдыларын дамыту; зеректікке, шапшаңдыққа баулу.<br>Педагог балаларға ұшақтың таңбалауыштарын таратады.<br>– Балалар, бұл біздің ұшақтар тұратын әуежай алаңы. Ұшақтар «у-у-у» деп дыбыстап, аспанға көтеріліп ұшады, ал содан соң өз алаңына қайтады.<br>– Мен «Ұшақтар, ұшыңдар!» десем, сендер ұшақтарды жүргізіп, аспанға ұшып жүресіңдер. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бұлттарсыңдар.<br>– «Қатты жел соқты!» деген сөзімді естігенде, мен көрсеткен жерге бұлттарға ұқсап «ұшасыңдар».<br>«Допты лақтыр» қимылды жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Допты екі қолмен алға лақтыруды үйрету.<br>Шығарылған ойыншықтармен ойын-манипуляциялары.<br>(сенсорика, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Ойыншықтармен әртүрлі әрекеттер (ашу-жабу, домалату, қою, төсеу) жасауды қолдау; затты білдіретін жеңіл сөздерді айтуға баулу.<br>Қауіпсіздік. Айналасындағы заттармен қауіпсіз әрекет ету ережелерімен таныстыру, «болады – болмайды», «қауіпті» сөздерінің мағынасын түсіндіру. | баулу.<br>С. Бегалин «Қазым».<br>Қазым, қазым, қалқылда,<br>Көлде жүзіп салқында.<br>Жем шашайын - жейсің бе,<br>Кәмпит берші дейсің бе?<br>– Жоқ, жоқ, Кәмпит, тәтті болмайды ас,<br>Арпа менен бидай шаш.<br>«Аққан арықтан аттап өтеміз» қимылды жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Жерде жатқан лентадан (арқаннан) аттап өтіп жүруді үйрету.<br>Кедергіден қорықпаймыз,<br>Аққан арықтан аттаймыз:<br>Аяқ көтеріп, аттаймыз... Оп!<br>Ары қарай жүреміз, топ-топ-топ. (Д. Ахметова)<br>Шығарылған ойыншықтармен ойын-манипуляциялары.<br>(сенсорика, тіл дамыту және көркем | жоғары көтерілген арқаннан немесе таяқтан аттап жүруді үйрету.<br>Педагог балаларға ойынның бастамасын көрсетеді.<br>Педагог ойын алаңының ортасына жерден 12- 18 см көтерілген таяқты қояды. Балалар «қояндар» болады. Олар педагогтің белгісі бойынша таяқтан оңға және солға қарай бағытта бір-бір реттен аттаулары керек. Ойынға қызықтыру үшін балаларды екі топқа бөліп, екі бағытты көрсетіп беруге болады.<br>«Шашылған бұршақтарды (доптарды) жинайық» қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі)<br>ұсақ заттарды саусақтарымен іліп алу, заттарды бір-біріне беруді үйрету. Ойын барысы: балалар шеңбер бойымен тұрады. Әр баланың алдында бір | қызығушылықты ояту, дауыстарын салу, қимылдарын бақылау, қимылдарды ойындарда қайталау.(дене тәрбиесі, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Ойын шарты: педагог балаларға қаздардың саябақтың көлшігінде жүзіп жүргенін көрсетіп, 2-3 сұрақ қояды. Олар туралы қысқаша әңгімелеп береді.Балалар қаздарға ауызша сипаттама береді, қимылдарын көрсетеді.<br>«Доп, домала! » қимылды жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Допты тұрып, алға домалатуды жаттықтыру.<br>Доп тентек,<br>Тұрмайды қолда.<br>Қолдан жіберсе,<br>Домалап кетеді алға.<br>—Доп, алға!<br>Доп, домала! (Д. Ахметова)<br><br>Шығарылған ойыншықтармен | – «Ұшақтар, алаңға!» десем, менің жаныма жиналасыңдар, жерге шоқайып отырасыңдар. Келістік пе? Бастайық!<br>Қане, ұшақтар, ұшыңдар!<br>Қолдарымызды жан-жаққа жаямыз, «у-у-у»!<br>Біраздан кейін педагог балаларды алаңға шақырады, жүгірген кездегі қауіпсіздікті қадағалайды.<br>Ойын екі рет жүргізіледі.<br>«Тура жолмен жүреміз» қимылды жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Жерде жатқан (салынған, төселген) жолдың бойымен тура бағытта топпен жүруді үйрету.<br>Тура жолмен жүреміз,<br>Қуанамыз, күлеміз.<br>Қадам басып, топ-топ-топ,<br>Тоқтамаймыз, топ-топ-топ.<br><br>Шығарылған ойыншықтармен ойын-манипуляциялары.<br>(сенсорика, тіл дамыту және көркем әдебиет) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | әдебиет)<br>Ойыншықтармен әртүрлі әрекеттер (ашу - жабу, домалату, қою, төсеу) жасауды қолдау; затты білдіретін жеңіл сөздерді айтуға баулу.<br>Қауіпсіздік. Айналасындағы заттармен қауіпсіз әрекет ету ережелерімен таныстыру, «болады – болмайды», «қауіпті» сөздерінің мағынасын түсіндіру. | бұршақтан (кішкентай доптар) жатады, балалар кезекпен доптарды сауақтарымен іліп алып, қасындағы балаға береді. Барлық бала осы әрекетті қайталап болғанда бір айналым аяқталады. (3 рет)<br><br>Шығарылған ойыншықтармен ойын-манипуляциялары<br>(сенсорика, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Ойыншықтармен әртүрлі әрекеттер (ашып-жабу, домалату, қою, төсеу) жасауды қолдау; затты білдіретін жеңіл сөздерді айтқызу.<br>Қауіпсіздік. Айналасындағы заттармен қауіпсіз әрекет ету ережелерімен таныстыру, «болады – болмайды», «қауіпті» сөздерінің мағынасын түсіндіру. | ойын-манипуляциялары.<br>(сенсорика, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Ойыншықтармен әртүрлі әрекеттер (ашу - жабу, домалату, қою, төсеу) жасауды қолдау; затты білдіретін жеңіл сөздерді айтуға баулу.<br>Қауіпсіздік. Айналасындағы заттармен қауіпсіз әрекет ету ережелерімен таныстыру, «болады – болмайды», «қауіпті» сөздерінің мағынасын түсіндіру. | Ойыншықтармен әртүрлі әрекеттер (ашу-жабу, домалату, қою, төсеу) жасауды қолдау; затты білдіретін жеңіл сөздерді айтуға баулу.<br>Қауіпсіздік. Айналасындағы заттармен қауіпсіз әрекет ету ережелерімен таныстыру, «болады – болмайды», «қауіпті» сөздерінің мағынасын түсіндіру. |
| **Серуеннен оралу** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, тіл дамыту және көркем әдебиет, дербес іс-әрекет) | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Баланың дербестікке ұмтылысын қолдау, әрбір баланы күн тәртібіне біртіндеп үйрету. Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен шешу және киюді үйрету.<br>Түсінетін сөздер қорын кеңейту. Сөздік қорды киімдер түрлерін білдіретін зат есімдермен, тұрмыстық (киіну, жуыну) әрекеттерін білдіретін сөздермен толықтыру.<br>Тамақтану алдында және лас болған кезде қолын жууға (қолдарын сабындауға көмектесу, аққан судың астына қолдарын тосып ұстау) ынталандыру; эмоционалды тұрғыдан қолдау. | | | | |
| **Түскі ас** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Баланың дербестікке ұмтылысын қолдау, әрбір баланы күн тәртібіне біртіндеп үйрету. Тамақтану алдында және лас болған кезде қолын жууға үйрету.<br>Қою тамақты қасықпен өз бетінше жеуге, сорпа тамақты ішуге үйрету (нанды сорпамен бірге ішу, тек өз тәрелкесіндегі тамақты ішу), ересектің көмегімен майлықты қолдану, тамақтан соң ересектерге ілтипат білдіру.<br>Балаларды өздігінен тамақтануға ынталандыру, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>– Дәмді тағам дайын, пай, пай ...<br>Шақырады шебер аспаз апай (ағай):<br>– Қасықтарыңды дайындаңдар!<br>Асықпаңдар, асықпаңдар ... | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, музыка, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен шешу және кию, оларды дұрыс бүктеу. Түбекке сұрану, өз түбегінің орнын білу, тек өз түбегіне отыру.<br>Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу, баяу ырғақты музыка тыңдату. | | | | |
| **Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары** | «Ұйқы ашар» жаттығуы. (дене тәрбиесі)<br>– Балалар, ояныңдар, керіліп-созылыңдар! Мен сендермен ойнағым келеді.<br>Төсекте жатып жасайтын жаттығулар: «Мысықтар».<br>Мысықтар оң жаққа қарап ұйықтап жатыр, ұйқысырап, мияулап жатыр. Көздерін жұмып «мияу-мияу-мияу» деп жатыр.<br>Көзін ашып, аяқ-қолын керіп жатыр.<br>Төрт аяқтап тұрып мойынымызды жоғары созып мияулаймыз «мияу-мияу-мияу.»<br>Отырып башпайларымызды уқалаймыз, аяғымызды сипаймыз.<br>Майтабанның алдын алу.<br>Мысық шеңбер бойымен аяқтың ұшымен жүру, екі аяқпен секіру, жүру орнымызға қарай жүгіру.<br>Орындықта отырған қалпы оң аяғын сол аяғына қойып, табандағы нүктелерді уқалау (массаж жасау), аяқтарын ауыстырып, табандағы нүктелерді уқалау (массаж жасау). (3-4 рет)<br>Ұйқыдан кейін және күні бойы киініп-шешіну кезінде балаларды шынықтыруды жүзеге асыру. Балаларды шынықтыруда ауа ванналарын күніне бірнеше рет киіну-шешіну кезінде қолдану (ауа ванналарының ұзақтығын 2-3 минуттан, 6-10 минутқа дейін ұзарту). Сауықтыру-шынықтыру шараларын табиғи факторларды (ауаны) пайдаланып, жүргізу. | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті** | **(1жастағы балалар, 2 жастағы балалар)** | **(1жастағы балалар, 2 жастағы балалар)** | **(1жастағы балалар, 2 жастағы балалар)** | **(1жастағы балалар, 2 жастағы балалар)** | **(1жастағы балалар, 2 жастағы балалар)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **(қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | **тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>«Не, қалай дыбыстайды?» дидактикалық ойыны.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Күрделі емес бейнелі ойындар ойнау. Ересектердің сөздерін тыңдауға, қайталауға баулу. Дыбыстық тіркестер мен сөздерге еліктей отырып, дыбыстау. Жануарлардың дыбыстауын (қозы маңырайды: мәәә, бұзау мөңірейді: мөөө, мысық мияулайды) білдіретін сөздерді түсіну және дыбыстық тіркестерді атау. Балаларды көліктердің дыбыстарына еліктеп айтуға ынталандыру; көліктерді ажыратуды үйрету; жағымды эмоцияларға бөлену қабілеттерін дамыту.<br><br>"Қайдасың? Ку-ку!" ойыны.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) | **тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>«Сиқырлы кітап» дидактикалық ойыны.<br>айналасындағы адамдардың сөзін тыңдау, олардың ауызша айтылған талаптарды орындау.Біртекті заттарды ортақ белгісі: пішіні, түсі бойынша топтастыру. Суреттердің арасында екіге бөлініп, жыртылып қалған суреттерді біріктіру. (тіл дамыту және көркем әдебиет, сенсорика)<br><br>«Құстар» сөздік жаттығуы.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Күрделі емес бейнелі ойындар ойнау. Ересектердің сөздерін тыңдауға, қайталауға баулу. Дыбыстық тіркестер мен сөздерге еліктей отырып, дыбыстау. Балаларға құстарды танып, атауларын дұрыс айтуды үйрету.<br>Ойын барысы.<br>Педагог:<br>– Балалар, бұл ненің | **тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>«Құлып» саусақ гимнастикасы.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Күрделі емес бейнелі ойындар ойнау. Ересектердің сөздерін тыңдауға, қайталауға баулу. Дыбыстық тіркестер мен сөздерге еліктей отырып, дыбыстау. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Есікте құлып тұр (саусақтарымызды бір-бірден біріктіріп, қолымызды құлыпқа қоямыз).<br>Кім оны аша алады екен?<br>Ашып көреміз, (құлыпты айналдырамыз, қолымыздағы құлыпты шешеміз)<br>Созамыз, (саусақтарымызды ажыратпай, алақандарымызды ашып-жабамыз)<br>Тоқылдатамыз, (саусақтарымызды ажыратпай, алақанымызбен | **тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>«Сәлем» саусақ жаттығуы.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Күрделі емес бейнелі ойындар ойнау. Ересектердің сөздерін тыңдауға, қайталауға баулу. Дыбыстық тіркестер мен сөздерге еліктей отырып, дыбыстау. Қолдың ұсақ моторикасын, зейінін, есте сақтау қабілетін дамыту. Сәлемдесем әрдайым (екі қолдарын айқастырып кеуделеріне қояды)<br>Үйде және көшеде (екі қолдарын алға жаяды)<br>Бәріне де «Сәлем!» деймін мен («қанаттарын» екі қолдарын сәл көтеріп, қайта түсіріп қағып тұрады)<br>Тауыққа көрші үйдегі (бір қолдың сыртын екінші қолдың алақанына беттестіре саусақтарды жан-жаққа аша «күн» жасайды).<br>«Қуаласпақ» ойыны.<br>баланың құрдастарына | **тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>«Ғажайып дорба» дидактикалық ойыны.<br>Сөздік қорды заттардың пішінін білдіретін сын есімдермен толықтыру. Балаларды түрлі ойыншықтар мен заттарды атауға жаттықтыру, олардың жарылатынын түсіндіру, сипап көру арқылы ұғымдарын қалыптастыру.<br>Құралдар: дорба, дорбаға салынған әртүрлі ойыншықтар мен заттар.<br>(сенсорика, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br><br>«Ойыншықты тап» дидактикалық ойыны.<br>кеңістікті бағдарлай білуге бейімдеу; байқампаздықты тәрбиелеу.<br>Көрнекілік: топтағы ойыншық.<br>Ойынның мазмұны.<br>Тәрбиеші ойыншықты тығып қойып, бір баланы тақтаға шақырады.<br>Тәрбиешінің нұсқауымен, мысалы: 1 адым алға, оңға бұрылу, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Баланың өзіне деген қызығушылығын қалыптастыру. Өзіне жақын ересектер мен құрдастарына жағымды қарым-қатынас таныту (күлімсіреу, басын изеу, қолын бұлғау). Ересектердің сөздерін тыңдауға, "Бұл кім?", "Бұл не?" деген қарапайым сұрақтарға жауап беруге Балаларды педагог немесе басқа аталған объектіге назар аударуға машықтандыру; жағымды эмоцияларды дамыту (шағын топтардағы ойын). Тәрбиеші "ку-ку" дейді де, орамалдың артына тығылып қалады. Тәрбиешінің міндеті: балалардың назарын орамалмен мүмкіндігінше ұзақ ұстау. | дауысы?<br>– Құстардың дауысы.<br>– Дұрыс айтасыңдар, балалар! Біз құстардың дауыстарын естідік. Құстардың пайдасы көп. Олар табиғаттағы ағаштар мен өсімдіктерді зиянкес жәндіктерден тазартады. Құстар бір орында тұрмайды. Олар бір жерден екінші жерге ұшып-қонып жүреді. Педагог интербелсенді тақтадан қарғаның суретін көрсетеді.<br>– Балалар, мынау қарға.<br>– Қар- ға.<br>Педагог торғайдың суретін көрсетеді.<br>– Мынау торғай. Балалар, сөзді қайталайық.<br>– Тор-ғай.<br>Педагог қарлығаштың суретін көрсетеді.<br>– Мынау қарлығаш.<br>– Қар–лы –ғаш. | шапалақ соғамыз)<br>Ашылды!<br>(саусақтарымызды ашамыз)<br><br>"Мынау кім?" ойын-жаттығуы.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Баланың өзіне деген қызығушылығын қалыптастыру. Фотосуреттерден өзін, құрдастарын тану. Өзіне жақын ересектер мен құрдастарына жағымды қарым-қатынас таныту (күлімсіреу, басын изеу, қолын бұлғау). | деген мейірімді қарым-қатынасын үлгі ету. Жанашырлық пен елгезектік танытуға баулу. (әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)<br>Құралдар: бойы орташа қуыршақ.<br>Педагог қуыршақтың балалармен бірге қуаласпақ ойнағысы келетінін айтады. Балаларға қуыршақтан қашуды ұсынады. Қуыршақ «қуып жетеді», оларды «құшақтап», тапқанына қуанады және «Бұл менің достарым» дейді. Бұл ойын екі-үш баламен ойналады. | 2 адым алға жүру. Ойыншыққа дейінгі жолды айтып отырады. Бала айтылған нұсқаумен дұрыс жүріп отырса, тығылған ойыншықты табады. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **(1жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>С. Әлімқұлов «Әлди, әлди!» (көркемсөз, тіл дамыту және көркем | **(1жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>«Қуаласпақ» ойыны. баланың құрдастарына деген мейірімді қарым- | **(1жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>«Кәмпиттер» ойыны. Балалардың мүсіндеуге | **(1жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>«Моншақ тізу» саусақ жаттығуы. біртекті заттарды ортақ белгісі: | **(1жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>«Сылдырмақ» тақпағын мәнерлеп оқу. Шағын, мазмұны |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | әдебиет) Шағын, мазмұны түсінікті бесік жырларын тыңдату, оқылатын шығарма мазмұнының баланың жасына сәйкестігіне және мәнерлеп оқылуына мән беру.<br>Әлди, әлди!<br>Әлди, әлди, бөпешім,<br>Ән сап берем, келе ғой.<br>Жыламашы, көкешім,<br>Жұбатқанға көне ғой.<br>Ұйқың келсе, бөлейін,<br>Тербетейін есікке,<br>Қаз-қаз басшы, көрейін,<br>Барып келші есікке.<br>Сақташ Төрехан Ерболұлы Қимылды ойын «Қояндыуста»<br>Міндеті: негізгі қозғалыс түрлерінің дағдыларын жетілдіру. | қатынасын үлгі ету. Жанашырлық пен елгезектік танытуға баулу. (әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)<br>Құралдар: бойы орташа қуыршақ.<br>Педагог қуыршақтың балалармен бірге қуаласпақ ойнағысы келетінін айтады. Балаларға қуыршақтан қашуды ұсынады. Қуыршақ «қуып жетеді», оларды «құшақтап», тапқанына қуанады және «Бұл менің достарым» дейді. Бұл ойын екі-үш баламен ойналады.<br>Сақташ Төрехан Ерболұлы Дидактикалықойын «Қалайайтады?»<br>Міндеті: дыбыстықсөзтіркестерін жәнезаттардыңкейбірсөздерін, өлшемдері мен пішіндеріңимитациялауарқылысөйлеуқабілетінжетілдіру | қызығушылығын ояту. Сазбалшықпен таныстыру. Ермексаздың, сазбалшықтың кесектерін алақан арасында домалатып, «шарлар» жасау, жалпақ, дөңгелек пішіндерді мүсіндеу. Ермексазбен көлемі ұсақ кесектерді үзіп, шарлар илеу амалын үйрету. (мүсіндеу)<br>Сақташ Төрехан Ерболұлы<br>Дидактикалықойын «Үйлерге орналастырамыз»<br>Міндеті: заттарды өлшемінен емесепішініне сәйкес орналастыра білу қабілетін дамытуды жалғастыру. | пішіні, түсі бойынша топтастыру, саусақтардың ұсақ моторикасын дамыту үшін заттармен әрекет жасау, балалардың сенсомоторлық "көз бен қолды" үйлестіру.<br>Қызыл сары, көк моншақ.<br>Мен жасаймын көп моншақ<br>Ойын шарты: балаға диаметрі әртүрлі моншақтар беріледі. Мұнда қатар екі қолдың бас бармағымен сұқ саусақтарының ұшын түйістіре отырып, моншақ тәрізді бейнелейді. (сенсорика)<br>Сақташ Төрехан Ерболұлы Дидактикалық ойын «Құймақ пісіреміз»<br>Міндеті: жалпақ дөңгелек пішіндерді мүсіндеу қабілетін жетілдіру | түсінікті тақпақтарды тыңдату, оқылатын шығарма мазмұнының баланың жасына сәйкестігіне және мәнерлеп оқылуына мән беру. (тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Сылдырмақ соқтық,<br>Қолға алдық «тоқ-тақ».<br>Жаңа жылды күттік,<br>Тоқылдаттық «тоқ-тоқ».<br>(Д. Ахметова)<br>Сақташ Төрехан Ерболұлы<br>Дидактикалық ойын «Артымнан қайтала»<br>Міндеті: ересектердің дауысын тыңдау, оның қимылдарына еліктеу, көмек сұрау қабілетін бекіту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, тіл дамыту және көркем әдебиет, дербес іс-әрекет)<br>«Өнегелі тәрбие». Баланың дербестікке ұмтылысын қолдау, әр балаға күн тәртібін біртіндеп үйрету. Серуенге қызығушылықты ояту. Түсінетін сөздер қорын кеңейту. Сөздік қорды киімдер түрлерін білдіретін зат есімдермен, тұрмыстық (киіну, жуыну) әрекеттерін білдіретін сөздермен толықтыру.<br>«Қауіпсіздік». Серуенде қауіпсіз мінез-құлықтың қарапайым ережелерімен таныстыру (өсімдіктерді, бөгде және лас заттарды ұстамау, ауызға салмау, топырақты шашпау). | | | | |
| **Серуен** | **Қараша айына арналған серуен картотекасы жинағы қосымша жасақталған** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, тіл дамыту және көркем әдебиет, дербес іс-әрекет)<br>Баланың дербестікке ұмтылысын қолдау, әрбір баланы күн тәртібіне біртіндеп үйрету. Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен шешу және киюді үйрету.<br>Түсінетін сөздер қорын кеңейту. Сөздік қорды киімдер түрлерін білдіретін зат есімдермен, тұрмыстық (киіну, жуыну) әрекеттерін білдіретін сөздермен толықтыру.<br>Тамақтану алдында және лас болған кезде қолын жууға (қолдарын сабындауға көмектесу, аққан судың астына қолдарын тосып ұстау) ынталандыру; эмоционалды тұрғыдан қолдау. | | | | |
| **Кешкі ас** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, тіл дамыту және көркем әдебиет, дербес іс-әрекет)<br>Баланың дербестікке ұмтылысын қолдау, әрбір баланы күн тәртібіне біртіндеп үйрету. Тамақтану алдында және лас болған кезде қолын жууға үйрету.<br>Тамақтану рәсімін ұстануға қызығушылық тудыру. Қою тамақты қасықпен өз бетінше жеуге ынталандыру, ересектің көмегімен майлықты қолдану, тамақтан соң ересектерге ілтипат білдіру. Жағымды эмоцияларды дамыту.<br>– Дәмді тағам дайын, пай, пай ...<br>Шақырады шебер аспаз апай (ағай):<br>– Қасықтарыңды дайындаңдар!<br>Асықпаңдар, асықпаңдар ... | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | **Түрлі жас (1жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарастыру, ауызша сипаттама беру; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Дыбыстық тіркестер мен сөздерге еліктей отырып дыбыстау. Көркем әдебиетті қабылдауға қызығушылықты ояту.<br>Қиылған суреттерді бір тұтасқа жинау ойындары (2-4 бөлік). (сенсорика)<br>Заттарды өлшемі немесе пішініне қарай сәйкес ұяларға орналастыруға арналған тапсырмаларды орындау, түрлі өлшемдегі 2–3 сақинадан тұратын конус негізді (өзегі) пирамидаға, кейіннен тік өзектегі пирамидаға бір өлшемді бірнеше сақинаны, содан кейін түрлі өлшемді екі топтағы сақиналарды белгілі реттілікпен жинау.<br>Музыкалық аспаптармен (сылдырмақтармен) ойындар: 1/2 мөлшері әуеннің ырғағына сай сылдырлатуға бейімдеу. (музыка) | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | «Саусақ жаттығулары арқылы баланың сөйлеу тілін дамыту» | «Баланың жағымды эмоцияларын дамытудың маңызы» | «Баланың жағымды эмоцияларын дамытудың маңызы» | «Үйде ғажайып сәттер ұйымдастыру жолдары» | «Үйде ғажайып сәттер ұйымдастыру жолдары» |

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**<u>Қараша айы 2025  жыл 4 апта</u>**

***Жоспардың құрылу кезеңі:*** (24.11.2025 – 28.11.2025 жыл 4 апта)

**Бізде бірлік болып, іс қыла білетін шебер табылса, Алаштың баласы бақыт-махаббат жолына түсті!**

**Әлихан Бөкейханов**

| Апта күндері | *Дүйсенбі* 24.11.2025 | *Сейсенбі* 25.11.2025 | *Сәрсенбі* 26.11.2025 | *Бейсенбі* 2.11.2025 | *Жұма* 28.11.2025 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу<br>Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.)<br>Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу<br>Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру<br>Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу)<br>Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау)<br>**Қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру**<br>Қазақ халқының  мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу **Күй күмбірі** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру;<br>әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату;<br>балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру.<br>**Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру**<br>Балаңызды жылы күлімсіреп шығарыңыз, бұл оның күні бойы көңіл-күйін көтереді.<br>Балаңыздың киімі ауа райына сай әрі қозғалысына ыңғайлы болсын.<br>Таңғы асты міндетті түрде ішкізіңіз, бұл оның белсенділігін арттырады. Балаға жылы сөз бен мақтау айтып шығарыңыз.<br>"Балалардың ең сүйікті ойыншығы мен заты" (бейімделуге көмектеседі). | | | | |
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)** | **Түрлі жас (1жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>«Өнегелі тәрбие». Ересектің іс-әрекетін бақылау. | **Түрлі жас (1жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>«Өнегелі тәрбие». Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін көрсету. (дене тәрбиесі, өзіне-өзі | **Түрлі жас (1жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>«Өнегелі тәрбие». Ересек еңбегін бақылау. | **Түрлі жас (1жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>«Өнегелі тәрбие». Ересек іс-әрекетін бақылау. | **Түрлі жас (1жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>«Өнегелі тәрбие». Ересек еңбегін бақылау. Өсімдіктерді суғару (қоршаған әлеммен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ойыншықтарды қорапқа жинау<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет, сенсорика)<br>қоршаған орта заттарына қызығушылықты ояту; ойыншықтардың шашылғанына көңіл аудару; қорапқа жинауды ұсыну; ересектің айтқан сөзіне сәйкес келетін заттарды көрсетуге, түсіне қарап ажыратуға мүмкіндік жасау, эмоционалды тұрғыдан қолдау.<br><br>«Менің Қазақстаным» Қазақстан Республикасының Гимнін орындау.<br>балалардың патриоттық тәрбиесін қалыптастыру.<br>(музыка)<br><br>Саусақ жаттығуы. «Алақай! Алақай!»<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Ересектердің сөздерін тыңдауға, қайталауға баулу. Дыбыстық | қызмет көрсету дағдылары)<br>баланың дербестікке ұмтылысын қолдау, әр балаға күн тәртібін біртіндеп үйрету; тамақтану алдында және кірлеген кезде қолын жууға (қолдарын сабындауға көмектесу, аққан судың астына қолдарын тосып ұстауға) ынталандыру; эмоционалды тұрғыдан қолдау.<br><br>Саусақ жаттығуы. «Сен қайда бардың?»<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Күнделікті өміріне байланысты қарапайым сөз тіркестерін түсіну. Белсенді сөйлеуді дамыту. Белсенді сөздікті жақын адамдардың атауларымен, белгілі қимылдарды білдіретін сөздермен толықтыру. Ересектің көмегімен тақпақтарды, қысқа өлеңдердің мазмұнын қайталап айтуға ынталандыру. Баланың тілін, қолдың моторикасын, есте | Ойыншықтарды сөреге жинау<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>ойын бұрышында сөренің шаңын сүрту үлгісін көрсету; қоршаған әлемнің заттарына қызығушылықты ояту; ойыншықтардың шашылғанына көңіл аудару; сөреге жинауға шақыру; ересектің айтқан сөзіне сәйкес келетін ойыншықтарды табуға және көрсетуге мүмкіндік жасау, эмоционалды тұрғыдан қолдау.<br><br>«Қолғап» қимылды жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Күрделі емес бейнелі ойындар ойнау. Ересектердің сөздерін тыңдауға, қайталауға баулу. Дыбыстық тіркестер мен сөздерге еліктей отырып, дыбыстау. Шағын, мазмұны түсінікті өлеңдерді, тақпақтарды тыңдату, шығарманы оқып беруді | Ойыншықтарды қорапқа жинау<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет, сенсорика)<br>қоршаған орта заттарына қызығушылықты ояту; ойыншықтардың шашылғанына көңіл аудару; қорапқа жинауға шақыру; ересектің айтқан сөзіне сәйкес келетін заттарды көрсетуге, түсіне қарап ажыратуға мүмкіндіктер жасау, эмоционалды тұрғыдан қолдау.<br><br>«Қар ұшырайық» тыныс алу жаттығуы (мақтаны қолдану).<br>(дене тәрбиесі, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Балалардың тыныс алу жүйесін дамыту; қардың қасиеті жөнінде алғашқы ұғымдарды қалыптастыру; жасалып жатқан жаттығудан жағымды әсер алуға баулу.<br>Күрделі емес бейнелі ойындар ойнау. | таныстыру)<br>Өсімдіктерге қызығушылықтарын ояту, оларға қамқор болуға баулу; табиғат бұрышындағы өсімдіктер тұрған ыдыстардағы топырақтың құрғақ болуына көңіл аудару; өсімдіктерді күту, суғару амалдарын көрсету.<br><br>«Отырған мынау ақ қоян...» ойыны.<br>(дене тәрбиесі, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Күрделі емес бейнелі ойындар ойнау. Ересектердің сөздерін тыңдауға, қайталауға баулу. Шағын, мазмұны түсінікті өлеңдерді, тақпақтарды тыңдату, шығарманы оқып беруді суреттер, ойыншықтар, әрекеттерді көрсетумен (әңгімелеу) сүйемелдеу. Алаңның бір жағында қояндардың орны белгіленді. Әр бала өз орнына тұрады. Тәрбиешінің «Қоршауға жүгіріңдер» деген сигналы бойынша барлық балалар дөңгеленіп тұрады, ал қоянның біреуі ортаға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тіркестер мен сөздерге еліктей отырып, дыбыстау.<br>Балаларды педагогтің соңынан қыс туралы суретке (ауладағы қардың жауғанына) қарап, көркемсөзді айтып, жаттығуларды жасауды үйрету; тілін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; жағымды әсер алу дағдыларына машықтау.<br>Алақай! Алақай!<br>(шапалақтау)<br>Келді суық қыс, міне<br>(алақанды уқалау),<br>Біз далаға шығамыз<br>(саусақтарды қимылдату),<br>Жаттығу жасаймыз<br>(шапалақтау),<br>Бір-екі! Бір-екі!<br>(жұдырықты қысып, ашу)<br>Қарды қағып, бір-екі!<br>(алақан қағу), | сақтау қабілетін дамыту; жағымды эмоцияларға бөлену қабілетін қалыптастыру.<br>Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев «Сен қайда бардың?»<br>– Бармақтай балғын!<br>Сен қайда бардың?<br>– Мына бауырыммен<br>Орманға бардым,<br>Мына бауырыммен<br>Іштім де кеспе,<br>Мына бауырыммен<br>Доп-ботқа жескем,<br>Мына бауырыммен<br>Ән салдым кеште. | әрекеттерді көрсетумен сүйемелдеу. Балаларға педагогтің соңынан көркемсөз жолдарының ырғағына, мазмұнына сай қимылдарды жасап, жағымды көңіл күйге бөленуді үйрету; қолдың ұсақ моторикасын, есте сақтау қабілетін дамыту.<br>– Балалар, қазір қолғаптарымызбен әдемі жаттығулар жасап көрейік.<br>Қане, қолғапты киеміз,<br>(алақандарын уқалау)<br>Бір қолды салып көреміз, (бір қолмен екіншіні сипау)<br>Екінші жұп қолғапты<br>(екінші қолымен бірінші қолды сипау)<br>Киіп алсақ – жарап тұр.<br>(алақандарын ары-бері бұру) | Дыбыстық тіркестер мен сөздерге еліктей отырып, дыбыстау.<br>Бастапқы кезде педагог балаларға жаттығуды жасау үлгісін көрсетеді: мақта мамығын ашылған алақанға салып, үздіксіз үрлейді.<br>– Балалар, мамық қарды ұшырайықшы.<br>Мен алақанымды ашып, оған үздіксіз үрлеймін.<br>– Қарға не болды?<br>– Иә, қар ұшып кетті.<br>Қ. Мырза Әли «Қар»<br>Ұзақ уақыт қалықтар,<br>Жау, жау енді,<br>Мамық қар!<br>Педагог баланың әрқайсына мақта кесегін (мамығын), алақанына салатындай көлемде береді.<br>Жаттығуды жылдам орындау керек. | шығады.<br>Балалар тәрбиешімен бірге тақпақ оқиды да мәтіннің мазмұнына қарай қимыл жасайды.<br>Отыр аппақ, бір қоян.<br>Саққұлақ қой бұл қоян.<br>Құлақтары делеңдеп,<br>Әр дыбысқа елеңдеп.<br>Балалар шеңбер бойымен дөңгеленіп тұрады.<br>«Құлақтары делеңдеп» деген сөз тіркесінен бастап ойын аяғына дейін балалар қолдарын жоғары көтеріп, қол білезіктерінен бастап қимылдатады.<br>Қоян сияқты секіреді. |
| **Ертеңгілік жаттығу** | «Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату,бірге орындау,жаттату<br>Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету.<br>Қараша айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау.**Мақсаты:** Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат бағдарламасы** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты аузды жауып шайнау, аузды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат бағдарламасы** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық** | Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аудару орындарын ұйымдастыру<br>Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері<br>**Қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | **Дене тәрбиесі**<br>**1 жастағы балалар**<br>«Бауырсаққа қонаққа барайық» қимылды ойыны.<br>Балалардың қатарда жүгіру қабілетін арттыру; биіктігі 50 см арқанның астында еңбектеп жүру; жүгіру жылдамдығын арттыру, педагог берген нұсқауларға назар аудару, жаттығуды ептілікпен жасауды жаттықтыру.<br>«Қасқыр мен қояндар» қимылды ойыны. (дене тәрбиесі)<br>құрсаудан құрсауға өтуді үйрету.<br>Ойын шарты: бір бала қасқыр, қалған балалар қояндар болады. Педагог екі | **Музыка**<br>**1 жастағы балалар**<br>«Аппақ қысқа сәлем берейік»<br>Баяу сипаттағы әуенге асықпай жүруді жаттықтыру. Әнді басынан аяғына дейін жаттап айту. Әртүрлі өнерге деген қызығушылықтарын, баланың бойындағы өнері дамуына ықпал ету. (музыка)<br>«Көлеңке» қимылды ойыны. Шағын, мазмұны түсінікті өлеңдерді, тақпақтарды тыңдату, шығарманы оқып беруді суреттер, ойыншықтар, әрекеттерді көрсетумен (әңгімелеу) сүйемелдеу. (дене тәрбиесі, тіл дамыту және көркем әдебиет, көркемсөз)<br>Көлбең, көлбең көлеңке, | **Дене тәрбиесі**<br>**1 жастағы балалар**<br>«Қар кесегін домалатамыз» қимылды ойыны.<br>Балаларға шағын топпен жүруді және жүгіруді үйрету; кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту, белгі бойынша әрекет етуге дағдыландыру; қимылды ойындарға қатысуға қызығушылықты ояту, тапсырмаларды ықыласпен орындауға тәрбиелеу.<br><br>«Боран» қимылды ойыны. (дене тәрбиесі)<br>Қолдың білектерін сермеу, айналдыру, қолдың алақандарын жоғары, төмен қарату.<br>Ойын шарты: балалар | | **Дене тәрбиесі**<br>**1 жастағы балалар**<br>«Қысқы орманға саяхат» қимылды ойыны.<br>Гимнастикалық орындықта тепе-теңдікті тұрақты сақтап жүруге жаттықтыру; доғаның астына өту және түзу тұру қабілетін бекіту; балалардың қозғалыс тәжірибесін байыту және бекіту. Қолдары мен аяқтарының ұсақ моторикасын, зейінін дамыту; кеңістікті бағдарлау, қимылдарды үйлестіру және ырғақтылық, психофизикалық қасиеттер: шапшаңдық, ептілік дағдылары.<br>«Ұзын құлақ сұр қоян» қимылды ойыны. (дене тәрбиесі)<br>Отырып және тұрып оңға, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қолына екі құрсауды екі жаққа қаратып ұстап тұрады. Қасқыр қояндарды қуғанда қояндар бір құрсаудан екіншісіне өтіп қашады. Құрсауға кірген қояндарды қасқыр ұстамайды. | Көлбеңдеген көлеңке. Қане, қатар тұрайық, Үлкен шеңбер құрайық! | тәрбиешінің көрсетуімен қолдың білектерін сермейді, айналдырады, қолдың алақандарын жоғары, төмен қаратып, боранның рөлін ойнайды. | | солға бұрылу, жүрелеп отыру, секіру. Ойын шарты: балалар педагог көрсетуімен отырып және тұрып оңға-солға бұрылады, жүрелеп отырады, секіреді. |
| | **Дене тәрбиесі**<br>**2 жастағы балалар**<br>"Қасқыр мен қоян". Балаларды сап түзеп жүгіріп, биіктігі 50 см жіптің астынан еңбектеп өту іскерліктерін жетілдіру; жүгіру шапшаңдығын жетілдіре отырып, педагогтің нұсқауларына көңіл аударуды, жаттығуларды ептілікпен орындауға баулу.<br>"Қасқыр мен қояндар" қимылды ойыны. Педагогті мұқият тыңдауға, кеңістікті бағдарлауға, жүгіру кезінде ептілікті дамыту іскерліктерін жетілдіру | **Музыка**<br>**2 жастағы балалар**<br>"Жайсаң күз". Балалардың музыканы тыңдап, ілесе айтуға қызығушылығын арттыру; әнді тыңдап, сипатын ажыратуды үйрету; музыка әуенімен ырғақтық қимылдарды қайталай білуге машықтандыру; жомарт күздің мағынасын түсіндіру. Балалардың музыканы тыңдап, ілесе айту қабілетін дамыту; дыбысты тыңдап, ажырата білу дағдыларына үйрету; ырғақты қимылды қайталай білу дағдыларын жетілдіру.<br>"Түсінен таны" ойыны. Балалардың әртістік, шығармашылық қабілеттерін дамыту; эмоционалдық мінезін тәрбиелеу | **Дене тәрбиесі**<br>**2 жастағы балалар**<br><br>"Біз ептіміз". Балаларға сап түзеп жүгіріп, биіктігі 50 см жіптің астынан еңбектеп өту дағдыларын қайталату; ұйымдастырылған іс-әрекетті пысықтау; жүгіру шапшаңдығын бекіту.<br>"Допты досыңа бер" қимылды ойын. Қимылдарды ырғақты түрде орындау қабілетін дамыту, допты белгі бойынша беру, денені оңға және солға бұру, қозғалмалы нысанаға лақтыру, лақтыру және жүгіру, шеңберге салу дағдыларын бекіту | | **Дене тәрбиесі**<br>**2 жастағы балалар**<br>"Секірейік, тоңбайық!" Балаларға бір орында тұрып екі аяқпен бірге секіруді үйрету; секіру дағдыларына машықтандыру; бір орында тұрып секірудің техникасын жылдам меңгеруді үйрету. Балаларды бір орында екі аяқпен бірге секіру жаттығуын ынтамен жасауға құлшындыру; дене, аяқ бұлшық еттерін дамыту; орнында түзу тұруды икемін дамыту; ұйымдастырылған іс-әрекетке қызығушылықтарын арттыру.<br>"Кенгуру" қимыл ойыны. Балаларға бір орында екі аяқты қосып секіруді, екі аяқпен секіріп жүгіруді үйрету |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, тіл дамыту және көркем әдебиет, дербес іс-әрекет)<br>«Өнегелі тәрбие». Баланың дербестікке ұмтылысын қолдау, әр балаға күн тәртібін біртіндеп үйрету. Серуенге қызығушылықты ояту.<br>Түсінетін сөздер қорын кеңейту. Сөздік қорды киімдер түрлерін білдіретін зат есімдермен, тұрмыстық (киіну, жуыну) әрекеттерін білдіретін сөздермен толықтыру.<br>«Қауіпсіздік». Серуенде қауіпсіз мінез-құлықтың қарапайым ережелерімен таныстыру (өсімдіктерді, бөгде және лас заттарды ұстамау, ауызға салмау, топырақты шашпау). | | | | |
| **Серуен** | **Түрлі жас (1жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>«Қауіпсіздік». Қарды бақылау (қар жауған алқап).<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Табиғаттағы ауа-райы құбылыстарын бақылау (жаңбыр, жел, күннің жарқырауы, қар).<br>Қоршаған ортаның заттары мен табиғат құбылыстарына қызығушылықты ояту. Серуенде қауіпсіз мінез-құлықтың қарапайым ережелерімен таныстыру.<br>Балаларды қыс мезгіліндегі қар құбылысын бақылауға | **Түрлі жас (1жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>«Экологиялық тәрбие», «Қауіпсіздік». Қайыңды бақылау.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Өсімдіктерге деген қызығушылықтарын ояту, оларға қамқор болуға баулу.<br>Ағаш туралы түсініктерін кеңейту; қайыңның ерекшеліктері туралы түсініктерді қалыптастыру. Серуенде қауіпсіз мінез-құлықтың қарапайым ережелерімен таныстыру.<br>Балаларды қайың ағашына апару. Оның дініне назар аударту.<br>(Ақ, қара жолақтары - сарафанға ұқсайды.)<br>Қыста қайың өте суық болғандықтан, тынығып. | **Түрлі жас (1жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>Бұлтты аспанды бақылау.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Балаларға бұлтты күн туралы ұғымдар беру, аспанның түсі сұрланғанын байқату, бұлттар сұр болса, қар жаууы ықтималдығын байқату.<br>– Балалар, аспанға қараңдаршы.<br>– Аспанның түсі көгілдір ме?<br>– Аспанның түсі сұр.<br>– Аспан сұр болса, қар жауады.<br>Көк аспанды жаулайды<br>Қалың-қалың сұр бұлттар.<br>Бір жауса тоқтамайды<br>Аппақ жауын, аппақ | **Түрлі жас (1жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>«Қауіпсіздік». Құстарды бақылау (торғайлар).<br>(қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Құстарға деген қызығушылықтарын ояту, оларға қамқор болуға баулу; құстардың қимылдарын сөзбен сипаттап айтуды және іс-әрекетпен көрсетуді үйрету. Серуенде қауіпсіз мінез-құлықтың қарапайым ережелерімен таныстыру<br>Шыр-шыр еткен торғайды,<br>Қорғамасаң, болмайды.<br>Кіп-кішкене торғайлар<br>Ағаштарды қорғайды.<br>Балаларға қолдарын | **«Түрлі жас (1жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>Экологиялық тәрбие», «Қауіпсіздік». Теректі бақылау.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Өсімдіктерге деген қызығушығын дамыту, оларға қамқор болуға баулу. Өсімдіктердің (ағаш) өзін тану және атау. Балаларға ағаштың бұтақтары өте нәзік, сындырмау керектігін түсіндіру.<br>Қауіпсіздік. Серуенде қауіпсіз мінез-құлықтың қарапайым ережелерімен таныстыру.<br>Көк терек-ау, көк терек,<br>Суықта жаның – шүберек.<br>Қалайша өңің кеткен?<br>Жапырақтарың түскен. (Д. Ахметова)<br>Балаларға қолдарын жан- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қызығушылығын ояту; қардың қайда жатқанына көңіл аударып, оны айтуға ынталандыру.<br>– Балалар, бәрекелді!<br>– Қарандаршы, балалар, айналада не жатыр?<br>– Иә, бұл қар.<br>– Қар қайда жатыр?<br>Т. Шопаев «Қар».<br>Жауды, міне, қар аппақ,<br>Айналаның бәрі аппақ.<br>Жасырыпты жолдарды:<br>Тегістепті орларды.<br><br>«Біз көңілді баламыз» қимылды жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Балаларды белгілі жаттығуларға еліктей білуге машықтандыру, сапта марш ырғағына сай жүруге машықтандыру; жаттығулардан жағымды әсер алуға ынталандыру.<br>Педагог балаларды еркін тұрғызып | Балаларға суық күндері ағаштарды қорғауға, сындырмау керектігін түсіндіру.<br>Қысында да шырайлы,<br>Жасыл шырша ұнайды.<br>Түні бойы жауды қар,<br>Салбырады сәнді тал.<br>Сырғалы қайың, ақ қайың,<br>Баптайын, күтіп, сақтайын.<br><br>«Кім тыныш?» қимылды ойыны.<br>(дене тәрбиесі, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер. Жүру және тепе-теңдік сақтау жаттығулары. Балаларға бір бағытта тыныш жүру әдебін үйрету, аяқтың табанын толық басып және аяқтың ұшымен жүріп қимылдау дағдыларын қалыптастыру; сигналға сай қозғалуға ынталандыру.<br>– Балалар, аяқтарымызды нық басып, менің соңымнан сайға қарай жүрейік.<br>Сайға қарай адымдаймыз,<br>Түрлі дыбысты | қар.<br>(Д. Ахметова)<br><br>«Алақай!» қимылды жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер.<br>Шағын, мазмұны түсінікті тақпақтарды оқып беруді әрекеттерді көрсетумен сүйемелдеу. Балаларды педагогтің көрсетуімен және тақпақ сөздерінің ырғағына сай қимылдар жасауға талпындыру; қыстың қызықты құбылыстарын жағымды көңіл күймен қарсы ала білу қабілеттерін дамыту.<br>– Балалар, қыс мезгілі келді.<br>– Қысты көтеріңкі көңіл күймен қарсы алайықшы.<br>– Алақай! Алақай! (шапалақтау)<br>Келді суық қыс, міне, (алақанды уқалау),<br>Біз далаға шығамыз (саусақтарды қимылдату),<br>Жаттығу жасаймыз (шапалақтау), | жоғары көтеріп, төмен түсіріп, жаттығуларды жасату.<br><br>"Маған қарай (жүріңдер) жүгіріңдер" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: тәрбиешінің артынан, тура бағытта топпен жүруді, жүгіруді үйрету, ептілікті дамыту, тәрбиешінің сөзіне сай әрекет ету.<br>Балалардың еркін ойын әрекеті.<br><br>«Кім тыныш?» қимылды ойыны.<br>(дене тәрбиесі, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Жүру және тепе-теңдік сақтау жаттығулары.<br>Балаларға бір бағытта тыныш жүру әдебін үйрету, аяқтың табанын толық басып және аяқтың ұшымен жүріп қимылдау дағдыларын қалыптастыру; сигналға сай қозғалуға ынталандыру.<br>– Балалар, аяқтарымызды нық | жаққа теректің бұтақтарындай жаюды, жан-жаққа теңселуді ұсыну.<br>– Алақай, алақай!<br>Қозғаламыз ағаштай!<br><br>«Бері шыға ғой, қоян!» қимылды ойыны.<br>(дене тәрбиесі, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер.<br>Шағын, мазмұны түсінікті тақпақтарды оқып беруді әрекеттерді көрсетумен сүйемелдеу. Балаларға шеңбер бойымен жүріп, барлығымен топтасып, «Бері шыға ғой, қоян» сөздерін айтып, көрсетілген қимылдарға еліктеу қабілеттерін жетілдіру.<br>Педагог балалардың бірін «Қоян» атап, барлығымен бірге оны шақырады.<br>Шақырылған қоян ортаға шығып, қимылдар жасайды (педагог үлгіні көрсете алады), балалар қайталайды.<br>Бері шыға ғой, қоян!<br>Ақ құлақтарыңды ойнат!<br>Былай көрсет,<br>Былай көрсет,<br>Ақ құлақтарыңды ойнат! |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қоюына болады, қимылдарды көрсетеді.<br>Біз көңілді балалармыз,<br>Қатар-қатар тұрамыз,<br>Көтереміз иықты,<br>Бақылаймыз жан-жақты.<br>Жүріп-жүріп асықпай.<br>Балалар сапқа жиналып, ашық жолмен жүреді.<br>Жаттығу екі рет қайталанады.<br><br>«Аққан арықтан аттап өтеміз» қимылды жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Жерде жатқан лентадан (арқаннан) аттап өтіп жүруді үйрету.<br>Кедергіден қорықпаймыз,<br>Аққан арықтан аттаймыз:<br>Аяқ көтеріп, аттаймыз... Оп!<br>Ары қарай жүреміз, топ-топ-топ. (Д. Ахметова)<br><br>Шығарылған ойыншықтармен ойын- | тыңдаймыз.<br>Көрейік. Бұл қай бұрыш?<br>Тыңдайық. Тыныш ...<br>Тыныш ...<br>– Қане, аяқтың ұшымен тыныш жүрейік ...<br>– Бұл жақта не бар екен?<br>– Тамаша!<br>Педагог белгілі объектіні тапқандарын айтады, балаларды мақтайды.<br>Жаттығу бірнеше рет өткізіледі, жүру бағыттары ауысады.<br><br>«Допты лақтыр» қимылды жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер.<br>Допты екі қолмен алға лақтыруды үйрету.<br><br>Шығарылған ойыншықтармен ойын-манипуляциялар.<br>(сенсорика, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Ойыншықтармен әртүрлі әрекеттер (ашу - жабу, домалату, қою, төсеу) жасауды қолдау; затты білдіретін жеңіл сөздерді айтуға баулу.<br>Қауіпсіздік.<br>Айналасындағы заттармен қауіпсіз әрекет ету ережелерімен | Бір, екі! Бір, екі!<br>(жұдырықты қысып, ашу)<br>Қарды қағып, бір, екі (алақан қағу).<br><br>«Епті қояндар» қимылды ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>балаларға еденнен 12–18 сантиметр жоғары көтерілген арқаннан немесе таяқтан аттап жүруді үйрету.<br>Педагог балаларға ойынның бастамасын көрсетеді.<br>Педагог ойын алаңының ортасына жерден 12- 18 см көтерілген таяқты қояды. Балалар «қояндар» болады.<br>Олар педагогтің белгісі бойынша таяқтан оңға және солға қарай бағытта бір-бір реттен аттаулары керек.<br>Ойынға қызықтыру үшін балаларды екі топқа бөліп, екі бағытты көрсетіп беруге болады.<br><br>Шығарылған ойыншықтармен ойын-манипуляциялары. | басып, менің соңымнан сайға қарай жүрейік.<br>Сайға қарай адымдаймыз,<br>Түрлі дыбысты тыңдаймыз.<br>Көрейік. Бұл қай бұрыш?<br>Тыңдайық. Тыныш ...<br>Тыныш ...<br>– Қане, аяқтың ұшымен тыныш жүрейік ...<br>– Бұл жақта не бар екен?<br>– Тамаша!<br>Педагог белгілі объектіні тапқандарын айтады, балаларды мақтайды.<br>Жаттығу бірнеше рет өткізіледі, жүру бағыттары ауысады.<br><br>Шығарылған ойыншықтармен ойын-манипуляциялары.<br>(сенсорика, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Ойыншықтармен әртүрлі әрекеттер (ашу - жабу, домалату, қою, төсеу) жасауды қолдау; затты білдіретін жеңіл сөздерді айтуға баулу.<br>Қауіпсіздік.<br>Айналасындағы заттармен қауіпсіз | «Тура жолмен жүреміз» қимылды жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Жерде жатқан (салынған, төселген) жолдың бойымен тура бағытта топпен жүруді үйрету.<br>Тура жолмен жүреміз,<br>Қуанамыз, күлеміз.<br>Қадам басып, топ-топ-топ,<br>Тоқтамаймыз, топ-топ-топ.<br><br>Шығарылған ойыншықтармен ойын-манипуляциялары.<br>(сенсорика, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Ойыншықтармен әртүрлі әрекеттер (ашу - жабу, домалату, қою, төсеу) жасауды қолдау; затты білдіретін жеңіл сөздерді айтуға баулу.<br>Қауіпсіздік.<br>Айналасындағы заттармен қауіпсіз әрекет ету ережелерімен таныстыру, «болады – болмайды», «қауіпті» сөздерінің мағынасын түсіндіру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | манипуляциялары. (сенсорика, тіл дамыту және көркем әдебиет) Ойыншықтармен әртүрлі әрекеттер (ашу - жабу, домалату, қою, төсеу) жасауды қолдау; затты білдіретін жеңіл сөздерді айтуға баулу. Қауіпсіздік. Айналасындағы заттармен қауіпсіз әрекет ету ережелерімен таныстыру, «болады – болмайды», «қауіпті» сөздерінің мағынасын түсіндіру. | таныстыру, «болады – болмайды», «қауіпті» сөздерінің мағынасын түсіндіру. | (сенсорика, тіл дамыту және көркем әдебиет) Ойыншықтармен әртүрлі әрекеттер (ашу - жабу, домалату, қою, төсеу) жасауды қолдау; затты білдіретін жеңіл сөздерді айтуға баулу. Қауіпсіздік. Айналасындағы заттармен қауіпсіз әрекет ету ережелерімен таныстыру, «болады – болмайды», «қауіпті» сөздерінің мағынасын түсіндіру. | әрекет ету ережелерімен таныстыру, «болады – болмайды», «қауіпті» сөздерінің мағынасын түсіндіру. | |
| **Серуеннен оралу** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, тіл дамыту және көркем әдебиет, дербес іс-әрекет)<br>Баланың дербестікке ұмтылысын қолдау, әрбір баланы күн тәртібіне біртіндеп үйрету. Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен шешу және киюді үйрету.<br>Түсінетін сөздер қорын кеңейту. Сөздік қорды киімдер түрлерін білдіретін зат есімдермен, тұрмыстық (киіну, жуыну) әрекеттерін білдіретін сөздермен толықтыру.<br>Тамақтану алдында және лас болған кезде қолын жууға (қолдарын сабындауға көмектесу, аққан судың астына қолдарын тосып ұстау) ынталандыру; эмоционалды тұрғыдан қолдау. | | | | |
| **Түскі ас** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Баланың дербестікке ұмтылысын қолдау, әрбір баланы күн тәртібіне біртіндеп үйрету. Тамақтану алдында және лас болған кезде қолын жууға үйрету.<br>Қою тамақты қасықпен өз бетінше жеуге, сорпа тамақты ішуге үйрету (нанды сорпамен бірге ішу, тек өз тәрелкесіндегі тамақты ішу), ересектің көмегімен майлықты қолдану, тамақтан соң ересектерге ілтипат білдіру.<br>Балаларды өздігінен тамақтануға ынталандыру, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Дастарқанның әдемісін-ай,<br>Тағамның (ботқаның, көженің, сорпаның, қуырдақтың) дәмдісін-ай.<br>Тамақты тауысқан балақай<br>Ең күшті болады. Пай, пай! | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету.<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)** | | | | |
| **Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары** | **Біртіндеп ояту:** Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. **Сауықтыру жаттығулары:** Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). **Өзіне-өзі қызмет ету:** Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту). **Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу). | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | **(1жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>«Пішіндер алқасы» дамытушы ойыны.<br>Пішін мен түсті, негізгі төрт түсті (қызыл, көк, сары, жасыл) ажырату.<br>Балаларды көрсетілген үлгіге қарап, геометриялық пішіндерден өздеріне де сондай тізбекті құрастыруға ынталандыру; геометриялық пішіндер туралы ұғымдарды тиянақтау, есте сақтау қабілетін, көзбен қабылдау қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; өзі жасаған нәтижені көріп, оған | **(1жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>«Сиқырлы алақандар» музыкалық-ырғақты жаттығу. Көрнекіліксіз таныс мазмұны қарапайым шығармаларды тыңдау, олардың мазмұнына эмоциямен жауап беру, шығарма мәтінінің кейбір сөздерін қайталау және мазмұнында айтылатын қарапайым әрекеттерді, дыбысқа еліктеу мен ойын әрекеттерін орындау.<br>Музыкаға, ән салуға, музыкалық-ырғақтық қимылдарға қызығушылықты қалыптастыру.<br>Бала, бала, балапан,<br>Қане, қайсы, алақан? | **(1жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>"Шарлар мен текшелерді дұрыс орналастыр" ойыны.<br>(сенсорика)<br>Балалардың сенсорлық тәжірибесін байыту.<br>Тиісті пішіндегі (дөңгелек, шаршы) қораптарды таңдай білуді дамыту.<br>Заттардың көлеміне (үлкен, кіші) бағдар жасай отырып, әртүрлі әрекеттер жасауды қадағалау.<br>Үлкен қорапқа текшелер мен шарларды салу.<br>Шарларды бір қорапқа, ал екінші қорапқа текшелерді салу керек. | **(1жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>Музыкадан ойын-жаттығулар.<br>«Аппақ қысқа сәлем берейік».<br>. Баяу сипаттағы әуенге асықпай жүруге жаттықтыру. Әнді басынан аяғына дейін жаттап айту. Әртүрлі өнерге қызығушылықтарын дамыту, баланың бойындағы өнері дамуына ықпал ету.<br><br>«Шыршаларды құрастырайық» үстел ойыны.<br>Айналасындағы адамдардың сөзін тыңдау, олардың ауызша айтылған | **(1жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>«Күн райы» атты мультфильм көру.<br>Балаларды күн райының негізгі құбылыстарын байқауға, ажыратуға, атауға ынталандыру; ойлау қабілеттерін дамыту.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет, музыка)<br><br>«Қар жауды» ойыны.<br>(мүсіндеу)<br>Балалардың мүсіндеуге қызығушылығын ояту.<br>Сазбалшықпен таныстыру. Ермексаздың, сазбалшықтың кесектерін алақан арасында домалатып, "шарлар" |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қуануды үйрету.<br><br>Саусақ жаттығуы.<br>«Сен қайда бардың?»<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Күнделікті өміріне байланысты қарапайым сөз тіркестерін түсіну. Белсенді сөйлеуді дамыту. Белсенді сөздікті жақын адамдардың атауларымен, белгілі қимылдарды білдіретін сөздермен толықтыру. Ересектің көмегімен тақпақтарды, қысқа өлеңдердің мазмұнын қайталап айтуға ынталандыру. Баланың тілін, қолдың моторикасын, есте сақтау қабілетін дамыту; жағымды эмоцияларға бөлену қабілетін қалыптастыру.<br>Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев «Сен қайда бардың?» | Саусақтарың әйбат,<br>Былай-былай ойнат.<br>Бала, бала, балапан,<br>Қане, қайсы, алақан?<br>Саусақтарың әйбәт,<br>Былай-былай ойнат.<br>Орнымыздан тұрамыз,<br>Алақанды ұрамыз.<br>Бір отырып, бір тұрып,<br>Тез шынығып шығамыз.<br>(музыка, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br><br>«Сиқырлы кітап» дидактикалық ойыны. айналасындағы адамдардың сөзін тыңдау, олардың ауызша айтылған талаптарды орындау.Біртекті заттарды ортақ белгісі: пішіні, түсі бойынша топтастыру. Суреттердің арасында екіге бөлініп, жыртылып қалған суреттерді біріктіру. (тіл дамыту және көркем әдебиет, сенсорика) | "Қайдасың? Ку-ку!" ойыны.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Баланың өзіне деген қызығушылығын қалыптастыру. Өзіне жақын ересектер мен құрдастарына жағымды қарым-қатынас таныту (күлімсіреу, басын изеу, қолын бұлғау). Ересектердің сөздерін тыңдауға, "Бұл кім?", "Бұл не?" деген қарапайым сұрақтарға жауап беруге Балаларды педагог немесе басқа аталған объектіге назар аударуға машықтандыру; жағымды эмоцияларды дамыту (шағын топтардағы ойын).<br>Тәрбиеші "ку-ку" дейді де, орамалдың артына тығылып қалады.<br>Тәрбиешінің міндеті: балалардың назарын орамалмен мүмкіндігінше ұзақ ұстау. | талаптарды орындау. Балалардың сенсорлық тәжірибесін байытуды жалғастыру. Балаларды үшбұрыштар арқылы шыршаларды құрастыруға ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын, жазықтықты бағдарлау және ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Құралдар: үшбұрыштардың ұсақ модельдері (пластик немесе қатпа қағаз (картон).<br>Ш. Әлдибекұлы «Қар»<br>Ақ мақтадай ұлпа қар<br>Жамылыпты қыр қарлар.<br>Қалың-қалың тон киіп,<br>Маужырайды шыршалар.<br>(көркемсөз, тіл дамыту және көркем әдебиет, сенсорика) | жасау, жалпақ, дөңгелек пішіндерді мүсіндеу. Ермексаздан ұсақ кесектерді үзіп, шар илеу амалдарын меңгерту.<br><br>«Ғажайып дорба» дидактикалық ойыны.<br>. Сөздік қорды заттардың пішінін білдіретін сын есімдермен толықтыру. Балаларды түрлі ойыншықтар мен заттарды атауға жаттықтыру, олардың жарылатынын түсіндіру, сипап көру арқылы ұғымдарын қалыптастыру. Құралдар: дорба, дорбаға салынған әртүрлі ойыншықтар мен заттар.<br>(сенсорика, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Күрделі емес бейнелі ойындар ойнау. Ересектердің сөздерін тыңдауға, қайталауға баулу. Дыбыстық тіркестер мен сөздерге еліктей отырып, дыбыстау. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **(1жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас** | **(1жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас** | **(1жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас** | **(1жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас** | **(1жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>Саусақ жаттығуы «Қыс» (тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Балаларға мәтінді педагогтен кейін айта отырып, жаттығулар жасауды үйрету; мәнерлеп сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Шыңнан сырғып түсті де,<br>Келді бізге қыс, міне,<br>Ақ қарлар, ақ көбелек,<br>Қонды үйлердің үстіне.<br>Сражадинова Хадия Жәдігерқызы<br>Қимылдыойын «Қоянды ұста»<br>Міндеті: негізгі қозғалыс түрлерінің дағдыларын жетілдіру. | **ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>Жаттығу (дене тәрбиесі, көркемсөз, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Балаларға мәтінді педагогтен кейін айта отырып, жаттығулар жасауды үйрету.<br>Торғай боп ұшамыз, ұшамыз (екі қолымен қанат жасап ұшады)<br>Түлкі болып қашамыз, қашамыз (бір орындарында тұрып жүгіреді)<br>Торғайдай тапқыр боп, тапқыр боп,<br>Орнымызға қонамыз (бәрі орындарына отырады).<br>Орманның біз емшісіміз,<br>Тоқ, тоқ, тоқ (жерді үш рет ұрады)<br>Құрт біткенді жоқ етеміз<br>Жоқ, жоқ, жоқ, (қимыл көрсетеді)<br>Тоқ, тоқ, тоқ, жоқ, жоқ, жоқ.<br>Сражадинова Хадия Жәдігерқызы<br>Дидактикалық ойын "Бауырсақтарды домалатамыз"<br>Міндеті: пластилинді, сазды алақанның арасына айналдыру | **ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>Қоян (дене тәрбиесі, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Балаларға мәтінді педагогтен кейін айта отырып, жаттығулар жасауды үйрету.<br>Ерінбе қояным,<br>Ертерек оян да.<br>Секіре бер сен енді<br>Шынықтыр денеңді.<br><br>Дидактикалықойын «Тап жәнекөрсет»<br>Міндеті: тәрбиешініңайтуыбойыншасуреттерденойыншықтарды, заттарды, киімдерді, ыдыстарды табу жәнекөрсетуқабілетінжетілдіру.<br>Сражадинова Хадия Жәдігерқызы<br>Дидактикалықойын «Тап жәнекөрсет»<br>Міндеті: тәрбиешінің айтуы бойынша суреттерден ойыншықтарды, заттарды, киімдерді, ыдыстарды табу және көрсету қабілетін жетілдіру. | **ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>Жаттығу (дене тәрбиесі, көркемсөз, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Балаларға мәтінді педагогтен кейін айта отырып, жаттығулар жасауды үйрету.<br>Балалар шықты далаға,<br>Ойнап, күліп жүр енді.<br>Шаналармен озады,<br>Аққаланы жасайды.<br>Қыста қармен ойнаймыз,<br>Қызыққа біз тоймаймыз.<br>Таудан төмен сырғанап,<br>Шаңғы, шана тебеміз.<br>Сражадинова Хадия Жәдігерқызы<br>Дидактикалық ойын "Бауырсақтарды домалатамыз"<br>Міндеті: пластилинді, сазды алақанның арасына айналдыру қабілетін дамытуды жалғастыру. | **ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>Жаттығу (дене тәрбиесі, көркемсөз, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Балаларға мәтінді педагогтен кейін айта отырып, жаттығулар жасауды үйрету.<br>Торғай боп ұшамыз, ұшамыз (екі қолмен қанат жасап ұшады)<br>Түлкі болып қашамыз, қашамыз (бір орында тұрып жүгіреді)<br>Торғайдай тапқыр боп, тапқыр боп,<br>Орнымызға қонамыз (бәрі орындарына отырады).<br>Орманның біз емшісіміз,<br>Тоқ, тоқ, тоқ (жерді үш рет ұрады)<br>Құрт біткенді жоқ етеміз<br>Жоқ, жоқ, жоқ, (қимыл көрсетеді)<br>Тоқ, тоқ, тоқ, жоқ, жоқ, жоқ.<br>Сражадинова Хадия Жәдігерқызы<br>Дидактикалықойын «Сәлемдосым!»<br>Міндеті: таныс ересектерге күлімсіреу, басынизеу, қолбұлғау қабілетін бекіту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | қабілетін дамытуды жалғастыру. | | | |
| **Серуенге дайындық** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, тіл дамыту және көркем әдебиет, дербес іс-әрекет)<br>«Өнегелі тәрбие». Баланың дербестікке ұмтылысын қолдау, әр балаға күн тәртібін біртіндеп үйрету. Серуенге қызығушылықты ояту.<br>Түсінетін сөздер қорын кеңейту. Сөздік қорды киімдер түрлерін білдіретін зат есімдермен, тұрмыстық (киіну, жуыну) әрекеттерін білдіретін сөздермен толықтыру.<br>«Қауіпсіздік». Серуенде қауіпсіз мінез-құлықтың қарапайым ережелерімен таныстыру (өсімдіктерді, бөгде және лас заттарды ұстамау, ауызға салмау, топырақты шашпау). | | | | |
| **Серуен** | Қараша  айына арналған серуен картотекасы жинағы қосымша жасақталған | | | | |
| **Серуеннен оралу** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, тіл дамыту және көркем әдебиет, дербес іс-әрекет)<br>Баланың дербестікке ұмтылысын қолдау, әрбір баланы күн тәртібіне біртіндеп үйрету. Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен шешу және киюді үйрету.<br>Түсінетін сөздер қорын кеңейту. Сөздік қорды киімдер түрлерін білдіретін зат есімдермен, тұрмыстық (киіну, жуыну) әрекеттерін білдіретін сөздермен толықтыру.<br>Тамақтану алдында және лас болған кезде қолын жууға (қолдарын сабындауға көмектесу, аққан судың астына қолдарын тосып ұстау) ынталандыру; эмоционалды тұрғыдан қолдау. | | | | |
| **Кешкі ас** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, тіл дамыту және көркем әдебиет, дербес іс-әрекет)<br>Баланың дербестікке ұмтылысын қолдау, әрбір баланы күн тәртібіне біртіндеп үйрету. Тамақтану алдында және лас болған кезде қолын жууға үйрету.<br>Тамақтану рәсімін ұстануға қызығушылық тудыру. Қою тамақты қасықпен өз бетінше жеуге ынталандыру, ересектің көмегімен майлықты қолдану, тамақтан соң ересектерге ілтипат білдіру. Жағымды эмоцияларды дамыту. | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | **(1жастағы балалар, 2 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарастыру, ауызша сипаттама беру; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Дыбыстық тіркестер мен сөздерге еліктей отырып дыбыстау. Көркем әдебиетті қабылдауға қызығушылықты ояту.<br>Қиылған суреттерді бір тұтасқа жинау ойындары (2-4 бөлік).<br>(сенсорика)<br>Заттарды өлшемі немесе пішініне қарай сәйкес ұяларға орналастыруға арналған тапсырмаларды орындау, түрлі өлшемдегі 2–3 сақинадан тұратын конус негізді (өзегі) пирамидаға, кейіннен тік өзектегі пирамидаға бір өлшемді бірнеше сақинаны, содан кейін түрлі өлшемді екі топтағы сақиналарды белгілі реттілікпен жинау.<br>Музыкалық аспаптармен (сылдырмақтармен) ойындар: 1/2 мөлшері әуеннің ырғағына сай сылдырлатуға бейімдеу. (музыка) | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Әңгімелесу: "Ата-ананың баланы балабақшаға апару және балабақшадан алу кезіндегі әрекеттері", "Балаға айналадағы заттардың атауын атап айтқызу және оған сол заттар туралы сұрақтарды қоюдың ерекшеліктері". | | | | |

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**
**Желтоқсан айы 2025 жыл 1 апта**

**Білім беру ұйымы:** «Ертөстік» бөбекжайы» КМҚК
**Топ:** «Қайсар» түрлі жас
**Балалардың жасы:** 1 жастағы балалар, 2 жастағы балалар
**Жоспардың құрылу кезеңі:** (01.12.2025 - 05.12.2025 жыл 1 апта)
**Тәрбиешілер:** Искакова Г.Сардарбекова Ж.К.
**"Ел болып бірігуден асқан бақыт жоқ**

| Апта күндері | *Дүйсенбі* 01.12.2025 | *Сейсенбі* 02.12.2025 | *Сәрсенбі* 03.12.2025 | *Бейсенбі* 04.12.2025 | *Жұма* 05.12.2025 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. «Күй күмбірі». Күймен балаларды қарсы алу. Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Сәлемдесу (тіл дамыту және көркем әдебиет) | | | | |
